ҚАЙ МАМАНДЫҚҚА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ?

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА

АЛПЫСТАН КЕЙІН ДЕ ӨМІР БАР...

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ

СОҒЫСТЫҢ ЗАРДАБЫ МЕН САБАҒЫ

9-БЕТ | АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ПОЛИЦИЯ ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫН БОЛУЫ ТИІС. ӘСІРЕСЕ, УЧАСКЕЛІК ИНСПЕКТОР ТҰРҒЫНДАРМЕН АШЫҚ ДИАЛОГ ҚҰРА БІЛУІ КЕРЕК. ОСЫ ОРАЙДА КАДР САПАСЫН АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ. УЧАСКЕЛІК ИНСПЕКТОРДЫҢ МӘРТЕБЕСІН ЗАҢНАМАЛЫҚ ТҰРҒЫДА КӨТЕРІП, ОҒАН НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫС ІСТЕУ ҮШІН МҮМКІНДІК БЕРУ КЕРЕК. ОЛ АЗАМАТТАРҒА ТАНЫС, ҚОЛЖЕТІМДІ ЖӘНЕ БЕДЕЛДІ БОЛУЫ КЕРЕК. АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН БЕЛСЕНДІ ТҮРДЕ ҚОРҒАУЫ ТИІС.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

№72 (4196)
Сейсенбі
22 маусым
2021 жыл

NurSultan

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT

Нұр-Сұлтан қаласында індет аяқ асты қайта өршіді. Кешегі тәулікте елордада вирус жұқтырғандар саны Алматы мен Қарағанды облыстарын басып озып, 342 науқас анықталды. Ал ел көлемінде бір тәулікте 1119 адам дертке шалдықты. Осыған орай, елорда әкімі Алтай Көлгінов әлеуметтік желідегі парақшасы арқылы қала тұрғындарына үндеу жолдады.

2

ІНДЕТ ҚАЙТА ӨРШІМЕСІН!

САНСӨЙЛЕМ

ЕЛОРДАДА ІНДЕТКЕ ҚАРСЫ ЕКПЕНІҢ 1 КОМПОНЕНТІН

184 195

АДАМ АЛҒАН.

МЕРЕЙІҢ ҮСТЕМ БОЛСЫН, МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР!

Жыл сайын 23 маусымда еліміздегі мемлекеттік қызметшілер мен полицейлердің кәсіби мерекесін атап өту ізгі дәстүрге айналды. Себебі олар – қоғам мен мемлекеттің дамуына елеулі үлес қосып жүрген білікті мамандар, өз ісіне адал жандар. Дәстүр бойынша бұл күні екі салада да ерен еңбегімен, өнегелі ісімен туған еліне табандылықпен қызмет етіп жүрген жандарға ерекше құрмет көрсетіледі.

6-БЕТ

БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЫ

Астаналық аға лейтенант Айдос Ағабеков бейбіт күннің батыры атанды. Ол мұндай құрметке ескекшілер каналын жүзіп өтіп, ажал құша жаздаған 35 жастағы әйелді құтқарып қалғаны үшін ие болып отыр. Кеше түнгі сағат 11.25-те «102» арнасына ескек есу каналында суға адам батып бара жатқаны туралы хабарлама келіп түскен. Оқиға орнына жедел жеткен Айдос Ағабеков өзен ортасынан әйелді көріп, киімін шешіп, суға секірді. Қас-қағым сәтте әйелдің жанына жетіп барып, ажалдан аман алып қалған. Ерліктің үлкен-кішісі болмайды. Айдостың бейбіт күндегі бұл әрекеті – әркімге үлгі!

МИЛЛИОН ДОЗАСЫ ШЫҒАРЫЛАДЫ

Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев 19 маусымда Қордай ауданы Гвардейск кентіндегі вакцина шығаратын зауыттың іске қосылғанын мәлімдеді.

Алдағы қыркүйек айында зауыт 1 миллион доза вакцина шығарады. Өңір басшысының айтуынша, зауытта қазір құрал-жабдықтар орнату жұмыстары жүріп жатыр. АҚШ пен Қытайдан жабдықтарды жеткізуге пандемия кедергі болғанына қарамастан, 99 пайызы жеткізілген. Одан әрі технология сынақтан өтіп, GNP стандарты бойынша сертификат беріледі.

ЦИФРЛЫҚ НҰСҚАСЫН ЕНГІЗДІ

eGov.kz порталында цифрлық құжаттар қолжетімді болды. Бұл туралы «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ хабарлады.

Тұрғындардың өтініші бойынша цифрлық құжаттар eGov.kz-те пайдаланушының жеке кабинетінде қосымша бөлімге енгізілді. Сайтта цифрлық құжаттардың 15 түрі қолжетімді болып отыр: жеке куәлік, жүргізуші куәлігі, туу туралы куәлік, неке қию туралы куәлік, тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы куәлік, некені бұзу туралы куәлік, техникалық төлқұжат, COVID-19-ға ПТР-тестінің нәтижесі, студенттік билет, диплом, зейнеткер куәлігі, қандас куәлігі, көлік құралын тіркеу туралы куәлік, әлеуметтік ID, вакцинация құжаты. Алайда қазақстандықтар заң бойынша әлі де құжаттарды өзімен бірге алып жүруі тиіс.

«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

№72 (4196) 22/06/2021 Сейсенбі

ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Серік Жұманғаринді қабылдады. Президентке әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары нарығындағы ахуалды тұрақтандыру үшін қабылданып жатқан шаралар туралы есеп берілді. Серік Жұманғарин Қасым-Жомарт Тоқаевқа мемлекеттік және жеке операторлардың қызметіне талдау жүргізу жөніндегі тапсырмасының орындалу нәтижелері туралы баяндады. Сондай-ақ жұмыс істеп тұрған қазіргі құрылымдарды оңтайландыру жөніндегі ұсыныстарын айтты. Болжам бойынша олар 3,5 миллиард теңге экономикалық пайда әкеледі. Қасым-Жомарт Тоқаев азық-түлік және басқа да тауарлардың бағасын төмендету жөнінде жүйелі шаралар қабылдауды тапсырды. Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаев негізгі азық-түлік өндірісі көлемін ұлғайту, отандық тауар өндірушілерге мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімділігін қамтамасыз ету, халықтың әлеуметтік жағдайы нашар топтарына қолдау көрсету қажет деп санайды.

ПАРЛАМЕНТ

Парламент палаталарының бірлескен отырысында 2020 жылдарға арналған республикалық бюджеттің орындалуы туралы Үкімет пен Есеп комитетінің есебі бекітілді. Отырыста бюджет мәселелерімен қатар, Парламент Конституциялық Кеңестің Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жолдауын тыңдады. Биылғы 5 айдың қорытындысы бойынша Қазақстанның ЖІӨ 1,6 пайызға өсті. Бұл ретте экономиканың барлық салаларында өсім қамтамасыз етілді. Негізгі драйверлер өңдеу өнеркәсібі, оның ішінде машина жасау, химия өнеркәсібі, фармацевтика және жеңіл өнеркәсіп болды. Құрылыс секторында және тұрғын үйді пайдалануға беруде жоғары өсу қарқыны қамтамасыз етілді. Екінші ай қатарынан көрсетілетін қызметтер секторында – сауда, байланыс, жылжымайтын мүлік операциялары, қаржы және сақтандыру қызметі күшейе түскен оң динамика байқалады.

ҮКІМЕТ

Премьер-министр Асқар Мамин «Астана медицина университеті» КЕАҚ жанындағы Біріккен университет ауруханасының құрылыс алаңына барды. Денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың жаңа стандарттарын енгізу мәселелері қаралды, оларды мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында елімізде 20 ірі көпбейінді аурухана салу арқылы іске асыру жоспарланып отыр. Олардың ішінде 4 клиника еліміздің жетекші медициналық университеттерінің жанынан салынатын болады, бұл ғылымды, білім беруді және емдеу процесін кешенді түрде дамытуға, клиникалық зерттеулердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осындай заманауи мекемелердің бірі «Астана медицина университеті» КЕАҚ жанындағы Біріккен университет ауруханасы болады. Медициналық орталық JCI халықаралық стандарттарына сай, 800 төсектік тәуліктік стационарды, күндізгі стационарды, консультациялық-диагностикалық кешенді, ғылыми-зерттеу және клиникалық зертханаларды, аудиториялар мен оқу сыныптарын қамтитын болады. Жобаны 2023 жылдың I тоқсанында іске асыру көзделген. Инспекциялық сапарға Премьер-министрдің орынбасарлары Роман Скляр мен Ералы Тоғжанов, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов, Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов қатысты.

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК СТРАТЕГИЯСЫ БЕКІТІЛДІ

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының 2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойды, деп хабарлады Ақорданың ресми сайты.

Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы бұдан бұрын Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен өткен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында қаралып, мақұлданған және елдің ұлттық мүдделерін қорғауға қатысты тұжырымдамалық жағынан жаңартылған тәсілдерді қамтиды.

Стратегия – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша енгізілетін мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесінің негізгі құжаттарының бірі. Осыған орай, құжатта таяудағы бес жылда болуы мүмкін деп болжанып отырған негізгі сын-қатерлерге қарсы іс-қимылға баса мән берілген. Атап айтқанда, біріншіден, коронавирус пандемиясының жалғасуы және биологиялық қауіпсіздіктің басқа да қатерлері. Екіншіден, экономиканы, еңбек қатынастарын, әлеуметтік саланы, ақпараттық кеңістік пен коммуникацияны түбегейлі өзгертетін технологиялық өзгерістер. Үшіншіден, қаржы-экономика саласына әсер еткен сыртқы нарықтардағы дағдарыс жағдайы. Төртіншіден, жаһандық және өңірлік аренада дағдарыстың одан әрі ушығуы кері әсер етеді.

Осыған байланысты әлемнің көптеген дамыған елдері қазіргі халықаралық және ішкі жағдайларды ескере отырып, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі өздерінің саясатын қайта қарайды. Сонымен қатар Қазақстан стратегиясында ұлттық қауіпсіздікті нығайтудың негізгі басымдықтары айқындалды. Азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігі бірінші орынға қойылған. Стратегияда адами капитал саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, ең алдымен, ұлттың зияткерлік әлеуетін сақтауға және ұлғайтуға назар аударылады. Биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі кешенді жұмыстармен бірге қоғамдық денсаулық сақтау ісін дамыту мәселесі де ұлттық қауіпсіздіктің базалық факторларының қатарына енгізілді.

Аталған бағыт құқық қорғау органдары мен сот жүйесі жұмыстарының тиімділігін арттыруды, халықты құқық бұзушылықтардың барлық түрінен қорғауды қамтиды.

ІНДЕТ ҚАЙТА ӨРШІМЕСІН!

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары! Біз әлі де «қызыл аймақтамыз»! Күнделікті COVID-2019 инфекциясының 250-300 жағдайы анықталады. Бір жағынан, бұл ПТР-тестілерінің санын көбейту арқылы, екінші жағынан, оқшаулау мен санитарлық нормалардың бұзылуынан болып отыр. Ashyq жобасы арқылы карантин талаптарының өрескел бұзылғанын көріп отырмыз. Өзін-өзі оқшаулауы тиіс азаматтар бар, бірақ олар адам көп жиналатын орындарға баруын тоқтатар емес. Осылайша індеттің таралуына әсер етуде. Мұндай адамгершілікке жатпайтын заң бұзушылықтарды тоқтатып, жолын кесеміз! Қала тұрғындарын сырқаттанған адамдардың статистикасына бей-жай қарамауға шақырамын. Әрбір санның артында бір адамның өмірі, олардың отбасыларының тағдыры тұр. Медициналық рұқсаты жоқ және әлі вакцинацияланбаған адамдар отпен ойнап жүргенін білмейді: олар ерте ме, кеш пе жеңіледі. Бұл ретте өз денсаулығын ғана емес, туыстарына, жақындарына және қоршаған ортаға қауіп төндіреді!» деді әкім.

Былтыр бұдан да ауыр кезде санитарлық нормаларды сақтаудан басқа амалымыз болмағанын жазған әкім 2021 жылдың басынан вакцинация басталып, егу пункттері медициналық мекемелерде, сондай-ақ қала тұрғындарына ыңғайлы болу үшін сауда, ойын-сауық орталықтарында, сауда үйлерінде және адам көп жиналатын басқа да орындарда ашылғанын жеткізді.

Қала басшысының айтуынша, вакцинация бәріне тегін жүргізіледі. Оның бірнеше түрі бар. Көршілес елдерде коронавирустың таралуы күшейіп жатқанын білеміз. Штамдардың жаңа түрлері пайда болды. Мысалы, Үндістанның COVID-19 штамы, дәрігерлердің айтуынша, Ухань қаласында шыққаннан әлдеқайда ауыр. Өзге елдерде карантиндік қосымша шектеулер енгізіліп, жаңа инфекциялық стационарлар ашылып жатыр. Коронавирустың ең ауыр кезеңінде елордада төрт мыңнан астам төсек-орын ашылды. Инфекциялық стационарларда нон-стоп режимінде сегіз мыңнан астам медицина қызметкері жұмыс істеді. Қазіргі уақытта біздің стационарларда 1000-ға жуық адам ем-дом алуда. Төсек орындарының жүктемесі қазірдің өзінде 50 пайызды құрайды. Қалада қосымша шектеулер енгізгіміз келмейді. Бұл қала экономикасына, тұрғындардың әл-ауқатына әсер етеді. Сонымен қатар күзде жаңа оқу жылы басталады. Бірақ балаларымыз үшін мектептерді қайта аша алмаймыз. Ұжымдық иммунитет қалыптасқанға дейін қаламыз қалыпты режимге оралмайды.

«Вакцинация – адам өмірін қауіпті вирустан құтқаратын жалғыз панацея. Біз ешбір дәлелі жоқ, ауыздан-ауызға таралған, интернетте, чаттарда жазылған жалған әңгімелерге емес, ғылыми түрде дәлелденген қорғану тәсіліне сенуіміз керек. Вирус адам жасына қарамайды. Оған бәрібір. Ол мейірімділікті білмейді. Достар, өздеріңіздің, жақындарыңыз бен туыстарыңыздың өміріне бей-жай қарамауларыңыз керек. Біз айналамыздағы адамдар үшін жауаптымыз. Вакцинация арқылы өзімізді қауіптен қорғап, жақындарымызды қатерден сақтаймыз!» деп жазды қала әкімі.

БАУЫРЛАС ЕЛДЕР ӨНЕРПАЗДАРЫ – ЕЛОРДА ТӨРІНДЕ

Кеше елордада Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен қала күніне орай Мәдениет және спорт министрлігі мен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан театрларының тәжірибе алмасу мақсатындағы «Елорда – өнер өлкесі» атты шығармашылық кездесулер басталды. Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық-драма театрында өткен шараның салтанатты ашылуына Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова мен Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов қатысты.

amangali.kalzhan@mail.ru
Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Шығармашылық кездесулер аясында 10 театр, соның ішінде Өзбекстан Республикасы Өзбек ұлттық академиялық драма театры мен Қырғыз Республикасы Б.Қыдыкеева атындағы Қырғыз мемлекеттік жастар театры, Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық-драма театры, Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры, М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан ән-би ансамблі, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жастар театры, «Astana Musical» мемлекеттік театры және Ә.Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры елордалық көрермендер мен театр сыншылары назарына үздік қойылымдарын ұсынады.

Шығармашылық кездесулер аясында ұсынылған қойылымдар арнайы шақырылған театр сыншылары тарапынан талданып, талқыланатын болады. Театрлардың байланысын нығайту мақсатында шеберлік сыныптары ұйымдастырылады.

Сарапшылар алқасының құрамында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, өнертану кандидаты Еркін Жуасбек, Халықаралық театр сыншылары бірлестігінің президенті, театр сыншысы, өнертану кандидаты Анар Еркебай, театртанушы, өнертану кандидаты Бақыт Нұрпейіс, театртанушы Айзат Қадыралиева, сыншы Гүлнар Әбікеева, театртанушы Мирас Әбіл бар.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жастар театрының «Жібек» мюзиклімен (авторы – Ғабит Мүсірепов, қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрқанат Жақыпбай) ашылған шығармашылық кездесулер 30 маусымға дейін жалғасады.

– Театр – адамдықты, ізгілікті, сұлулықты паш етіп, гуманизм идеяларына қызмет ететін, ұлт пен ұлтты, ел мен елді жақындастыратын, достастыратын өнер. Заманауи театр – ұрпақтан-ұрпаққа жететін рухани құндылықтар қазынасы, бүгін мен болашақтың көркем жарасымы, – деді А.Райымқұлова.

Елорда әкімі Алтай Көлгінов Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық-драма театрының жаңа ғимараты Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен салынғанын атап өтті.

– Театрды өткен жылы аштық. Бірақ карантин болғаннан кейін көп шара өткізе алмадық. Қазір жағдай реттеліп, көп адам екпе алып жатқаннан кейін осындай іс-шараларды өткізуге мүмкіндік туып отыр. Алдымызда елорда күні келе жатыр. Бас қалада театрдың салынуы елордамыздың ғана емес, ел мәдениетінің, әсіресе ұлттық өнердің әлемдік деңгейге көтерілуі деп айтуға болады. Өнер өлкесіне көршілес мемлекеттердің – Өзбекстан, Қырғызстанның, басқа да елдер өкілдері келіп, тәжірибе алмасуы нұр үстіне нұр, – деді А.Көлгінов.

Алдағы уақытта да театр өнерін қолдау жалғасатынын айтқан қала басшысы театр қызметкерлеріне биыл 70 пәтер берілетінін жеткізіп, әртістерді қуантты.

Жалпы елордада театрлар көбейіп жатқанын атап өтіп, Қаллеки театрының бұрынғы ғимаратына жаңадан ашылған Музыкалық жас көрермен театры орналасқанын айтты. М.Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театрының жағдайы әкімдік назарында екенін, театр ғимаратының күрделі жөнделуіне әкімдік қолдау көрсететінін атап өтті.

– Биыл – Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы. Елордамыздың Арқа төріне көшуі – Елбасының тарихи шешімі. Астанамызда зәулім ғимараттар бой

көтерді, қаншама мәдени және спорт нысандары салынды, елордаға көптеген жастар келіп жатыр. Мұның бәрі – тәуелсіздігіміздің арқасы. Отыз жылдың ішінде көптеген жетістіктерге жеттік. Өнеріміз әрқашан да үстем болсын! Өнер мен театр майталмандарына толағай шығармашылық табыс тілеймін! – деп түйіндеді сөзін елорда әкімі.

ӘЛЕМ АСТАНАЛАРЫ



СИНГАПУР

Сингапур жағалауларынан қазына толған екі кеме табылды. Кемелерде құнды жәдігерлер мен XIV ғасырға тиесілі сәнді Қытай фарфоры сақталған. Сондай-ақ археологтар 4 зәкір мен 9 зеңбіректі де судан алып шықты. Табылған жәдігерлер сирек кездеседі, ал бір олжа ерекше деп танылған. Фарфор ыдыстарына гүл бейнесінде суреттер салынған және олар Юань әулетінің билік кезеңіне, яғни XIII–XIV ғасырларға тиесілі болуы мүмкін. Сарапшылардың пікірінше, екінші кеме 1796 жылы Қытайдан Үндістанға бара жатқанда батып кеткен. Бұл кемеде археологтар Қытай керамикасының коллекциясын, сондай-ақ мыс қорытпасы мен шыны құмды агаттан жасалған түрлі заттарды тапты.

АШХАБАД

Түрікменстанда газ үшін қарызы барлар арзан азық-түлікке кезекке тұра алмайды. Олар жеңілдетілген бағада ұн, май және қант сатып ала алмайды. «Көгілдір отын» үшін көбінесе тұрмысы төмен отбасылар мен жарымжан азаматтар қарыз. Бұл уақытта елде азық-түлік қымбаттап жатыр. Мәселен, қаңтарда ұнның бір адам үшін бір айлық нормасы бес келіге дейін қысқарған. Түрікменстан әлемде газ қоры бойынша төртінші, газ кендерінің көлемі бойынша екінші орында тұр. Табиғи ресурстарға бай болғанмен, бірнеше жылдан бері өлкеде экономикалық дағдарыс етек алып, азық-түлік тапшылығы орын алған.

№72 (4196) 22/06/2021 Сейсенбі

АРДАГЕРЛЕР АРДАҚТАЛДЫ

Кеше «Астана» концерт залында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі мен Қорғаныс істері жөніндегі департамент «Қарулы күштер ардагерлері» республикалық қоғамдық ұжымы құрылуының 10 жылдық мерейтойына арналған салтанатты кеш өткізді.

2011 жылғы 21 маусымда елордамызда «Қарулы күштер ардагерлері» республикалық қоғамдық ұжымы құрылды. Биыл атаулы ұжымға он жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде ұжымның атқарған абыройлы міндеті мен еңбегі үлкен. Кеш шымылдығы Қазақстан Қарулы күштері туралы бейнероликтен басталды. Әрі қарай сөз алған бірлестік төрағасының орынбасары, «Ардагерлер және әскери қызметшілер отбасылары» қоғамдық қорының президенті, отставкадағы генерал-майор Марат Нағұманов жиналған көпшілікті мерейтоймен құттықтады.

Елорда филармониясы әншілерінің мерекелік әншашуы көрерменге көтеріңкі көңіл күй сыйласа, өз кезегінде осы салада белсенді еңбек етіп жүрген қызметкерлерді бірлестік арнайы алғыс хаттармен марапаттады.

ЕКПЕ АЛСАҢ – СЫЙЛЫҚ БАР

Елордадағы «Еуразия» сауда орталығында екпе алғандар құр кетпей, сатылымдағы тауарларға жеңілдік купондарын сыйға алады. Қаладағы эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыруға бағытталған шараларды тұрғындар арасында насихаттап, олардың белсенділігін арттыру үшін «Еуразия» сауда орталығының басшылығы осындай бастаманы қолға алып отыр.



«Біздің орталықта тұрғындардың вакцина алуына барлық жағдай жасалған. Мұндағы арнайы бөлімшеге келуге ешқандай шектеу жоқ. Қазіргі уақытта вакцина салдыру жұмыстары қызу жүріп жатыр. Қала тұрғындарын қолдау үшін енді сыйлығымызды да қоса ұсынып отырмыз. Сыйлықтарымыздың ішінде жеңілдік купондары, техникалық құралдар мен басқа да тұрмысқа қажетті дүниелер бар. Сондықтан келушілерге есігіміз әрқашан ашық» дейді шара ұйымдастырушысы, «Еуразия» сауда орталығының өкілі Сырым Сыздықов.

Мұндай бастамалар сауда, ойын-сауық орталықтарында (СОО) іске асқан. Мысалы, «Mega Silk Way» СОО-да вакцинациядан кейін мұз айдынына сертификаттар, мейрамханаларға жеңілдіктер берілді. Ал «Сарыарқа» СОО-да Actual Optic-ке 5 мың теңгенің жеңілдік купоны қарастырылды. Сондай-ақ тілек білдіргендер арнайы бланкілер толтырып, кинотеатрға жеңілдіктер алды. «Азия Парк» СОО-да кәсіпкерлердің сыйлықтары (тұрмыстық техника, электроника, СОО жалға алушыларының сыйлықтары) және т. б. ойнатылды.

НЫСАНДАР – ҮНЕМІ НАЗАРДА

Бас қалада мониторингтік топтар өткен тәулікте бес кәсіпкерлік нысанда карантин талаптарының бұзылғанын анықтады.

Кәсіпкерлік нысандар арасында шектеу шараларының бұзылғанын анықтау және жолын кесу жөніндегі мониторингтік топтар күшейтілген режимде жұмыс істеп келеді. Өткен тәулікте Сарыарқа ауданында жұмыс істеуіне тыйым салынғанына қарамастан «Советский» сыра бары мен «Факир» кафесі жұртшылықты қабылдағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Байқоңыр ауданында орналасқан «Все свои» кафесі де жауапқа тартылды. Алматы ауданының мониторингтік тобы «The DOM» бары жұмыс режимін бұзғанын, ал «Sova» караоке-клубында әлеуметтік қашықтық сақталмағанын анықтады. Карантин талаптарын бұзушыларға қатысты жиналған материалдың бәрі әкімшілік шаралар қабылдау үшін аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармаларына жіберілді.

ЕРІКТІЛЕР – ЭКОСЕНБІЛІКТЕ

«TazaAlem» мәдени-бұқаралық жобасы аясында 30 елордалық ерікті Алаш тасжолының бойындағы тазалық жұмыстарына атсалысты. Аталған жоба Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жастар саясаты мәселелері басқармасы мен «Астана жастары» орталығының бастамасымен қолға алынған.

– Қарқынды дамыған ғылыми-техникалық прогресс экологиялық жағдайдың нашарлауына алып келді. Әсіресе тұрғындар мен аумағы жыл санап ұлғайған Нұр-Сұлтан қаласында да бұл мәселе бар. Өз кезегінде қала тұрғындарымен бірге жастар да қоршаған ортаны қорғауға өз еріктерімен көмектесіп тұрады. Бүгінде олар жалпыхалықтық экосенбілікке де белсене қатысып жатыр, – деді «Астана жастары» орталығының директоры Шыңғыс Тілеулин.

Сенбілікке қатысушылар қажетті құрал-жабдықтармен толықтай қамтамасыз етілді. Сондай-ақ оларға салқын сусындар мен дәмді тоқаштар ұсынылады. Сенбілік аясында плоггинг, тимбилдинг және басқа да экологиялық іс-шаралар өткізілді.

ТБИЛИСИ

Тбилисиде алғаш рет кітап жәрмеңкесі ұйымдастырылды. 2019 жылы ЮНЕСКО Тбилисиге «Дүниежүзілік кітап астанасы» дәрежесін берген болатын. Бұл мәртебеге ие болған шаһарлар жыл бойы ғылыми-білімдік, ағартушылық іс-шаралар ұйымдастыруға тиіс. Ұйымдастырушылар жыл соңына дейін тағы осындай 3 шара өткізбек ниетте. Қазір интерактивті кітаптар әзірленіп жатыр. Ай соңында кітапқұмарлар мен көру қабілеті төмен тұрғындар үшін аудиокітаптар шығады.

СТОКГОЛЬМ

Швеция тұрғындарына COVID-19-ға қарсы вакцинаның үшінші компоненті ұсынылады. Мемлекеттің қоғамдық денсаулық сақтау агенттігінің хабарлауынша, коронавирус инфекциясына қарсы екпенің үшінші дозасы осы қыста 80 жастан асқан азаматтарға қажет болуы мүмкін. Вакцинаның үшінші компонентімен қарттар үйінде тұратын немесе иммундық жүйесі әлсіреген қарт адамдардың егілетіні атап өтілген. Қоғамдық денсаулық сақтау агенттігі алдағы екі жыл ішінде егу шараларын бағалау барысында қосымша қайта вакциналау қажет деген қорытындыға келді.

ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

? – Қалада спортшылар үшін қандай жағдай жасалып жатыр? Биыл елордада қанша аула мен қоғамдық кеңістік салынады?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– Ірі спорт нысандарын балаларымыз үшін ашық әрі қолжетімді етеміз. Спорттық ғимараттар оқушылар үшін сабақ өткізетін орын болуы тиіс. Бұл сабақтың сапасына оң әсер етеді, сонымен қатар балалардың спортқа қызығушылығын оятады.

Жан-жақты жағдай жасау үшін спорт нысандарын жөндейміз. Мысалы, биыл «Астана Арена» стадионында жұмыстар жүргізілді. Дренаж жүйесі, суару жүйесі жаңартылды (бұрын қолмен суарылды), енді көгалдар FIFA стандарттарына сәйкес келеді, киім ауыстыратын бөлмелер жөндеуден өтті. Сонымен қатар ғимараттардағы бос үй-жайларды ұтымды пайдалану қажет. «Астана Арена» стадионы базасында жауынгерлік өнер залы ашылды.

Сондай-ақ біз үрлемелі футбол кортын жөндедік (Жирентаев көшесі, 15 Б, Алматы ауданы). Велоспорт бойынша балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне және атыс бойынша құрама командаға қосымша спорттық құрал-жабдықтар берілді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қала тұрғындарын бұқаралық спортқа баулу үшін саябақтар, сквелер, аулалар, жаңа спорт кешендерін саламыз. Биыл 150 аула мен 40 қоғамдық кеңістік салынады. Олардың барлығы көп функциялы болады.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Нұржан БАЙМЫРЗАЕВ, елорда тұрғыны:

– Нұр-Сұлтанда бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін ашық конкурс жарияланады деп естідім. Байқауға қатысу үшін не істеу керек? Өтініш беру қашан басталады?

Оқырман сауалына Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы жауап берді:

– Қазақстанда шағын және орта бизнеске қолдау көрсету мақсатында жыл сайын түрлі шаралар ұйымдастырылып, бағдарламалар жасалады. Мәселен, шағын және орта бизнеске қайтарымсыз грант алуға болады.

«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясындағы гранттар шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, оның ішінде ісін жаңа бастаған жас кәсіпкерлерге экономиканың басым секторларында жүзеге асыратын өтеусіз негізде беріледі. Бағдарламаның басты шарты: талаптарға сай келетін кәсіпкер инновациялық бизнес-жоба ұсынуы керек.

Байқауға қатысуға өтінім беру үшін «Qoldau» бизнеске арналған цифрлық платформаға тіркелу қажет. Өтінімдер электронды түрде қабылданады. Өтініш қабылдау 28 маусымнан 12 шілдеге дейін жалғасады.

АСТАНА АУДАНЫ

Алматы ауданында карантин режимін бұзған мекемелер жауапқа тартылды. Мобильді топтар күшейтілген режимде жұмысын жалғастыруда. Соған қарамастан кейбір кәсіпкерлік нысандар карантин талаптарын жүйелі түрде бұзып, вирустың таралу қаупін арттырып отыр.

Алматы ауданында екі мекеме – «Level» лаундж-бары мен «Celentano» рестобары карантин режимін бұзғаны анықталды. Жалпы қала бойынша бір түнде төрт мекеме жауапқа тартылды. Кәсіпкерлік нысандар қонақтарға кальян шегу қызметін ұсынып, түнге дейін жұмыс істеген. Тәртіп бұзушыларға қатысты жиналған материалдар тиісті әкімшілік шаралар қабылдау үшін аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармаларына жіберілді.

ӨҢІР ӨМІРІ

Ақтөбеде жан саны 250 адамнан асатын ауылдарға интернет тартылып жатыр.

Алға ауданы Қарақобда ауылына кең жолақты интернет желісі тартылды. Мұндағы тұрғындар көп ұзамай ғаламторға еш кедергісіз кіріп, шалғайдағы ет жақындарымен байланысқа шыға алады. Ауылда 500-ге жуық адам тұрады. Тұрғындар орталықтандырылған ауызсуды тұтынып, «көгілдір отынның» қызығын көріп отыр. Таяуда ауылға кең жолақты интернет іске қосылса, мұндағы өмірдің қаладан еш айырмасы болмайды.

Бұл жұмыстар тұрғындар тілегі бойынша Nur Otan партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасына еніп, арнайы дайындалған Жол картасы бойынша жүзеге асты. Тағы халық саны 250-ден асатын 97 ауыл 3G мобильді кең жолақты интернетпен қамтылады. Қазір соның 91-і желіге қосылған.

№72 (4196) 22/06/2021 Сейсенбі

ҚАЙ МАМАНДЫҚҚА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ?

Бүгінде бас қалада бәрінен бұрын құрылыс саласына жұмысшылар мен инженерлік-техникалық мамандар жетіспеушілігі басым. Елордада алдағы үш жылға кадр қажеттілігі бойынша талдау жүргізген Нұр-Сұлтан қаласы Кәсіпкерлері палатасы осындай мәлімет таратты.

> Қаладағы **3347** компанияны қамти отырып, сол кәсіпорындарда жұмыс істейтін **97670** адамды сауалнамаға қатыстырдық. Соған сәйкес **2021** жылы кадр тапшылығы **8338** адам болса, **2022** жылы **2473** жұмыс орны, ал **2023** жылы **2215** вакансия бос болады. Елордалық компаниялар **277** мамандық бойынша кадрларға зәру. Бұл, ең алдымен, құрылыс секторының және инженерлік-техникалық саланың мамандары. Сонымен қатар денсаулық сақтау және білім саласында да мамандарға сұраныс артады

Зерттеуге сәйкес 2021-2023 жылдары аталған салаларда жұмыс істейтіндерге сұраныс артады.

«Біз қаладағы 3347 компанияны қамти отырып, сол кәсіпорындарда жұмыс істейтін 97670 адамды сауалнамаға қатыстырдық. Соған сәйкес 2021 жылы кадр тапшылығы 8338 адам болса, 2022 жылы 2473 жұмыс орны, ал 2023 жылы 2215 вакансия бос болады. Елордалық компаниялар 277 мамандық бойынша кадрларға зәру. Бұл, ең алдымен, құрылыс секторының және инженерлік-техникалық саланың мамандары. Сонымен қатар денсаулық сақтау және білім саласында да мамандарға сұраныс артады» дейді аталған Кәсіпкерлер палатасының директоры Алмат Жүнісов.

Бас қалада жұмысты өндеу өнеркәсібі саласында, әкімшілік және көмекші қызмет көрсету, электрлік, энергиямен жабдықтау, IT, кәсіби және ғылыми қызмет саласында да жұмыс табуға болады. Нұр-Сұлтан қаласында ең сұранысқа ие 20 мамандықтың ішінде сумен жабдықтау, қоқыстарды жою, жылжымайтын мүлік саласы бойынша да өкілдер бар. Жұмысқа алу үшін жұмыс берушілер кәсіби білім, күйзеліске төзімділік, тіл табысу, креативтілік сынды талаптарды қояды. Бұл ретте көп компания кәсіби салада тәжірибесі болмаса да жұмысқа алуға дайын.

– Құрылыс саласындағы жұмысшыларға сұраныстың жоғарылап кеткені сонша, құрылыс компаниялары жұмысқа кәсіби дағдылары төмен болса да адамдар алуға әзір отыр. Себебі білікті кадрлар іздеу көп уақыт алады, оның үстіне жақсы маман тартуға ресурс керек. Бұл мәселе карантин шектеулерін енгізіп, кейбір мемлекеттермен арада шекараның жабылуымен өткірлене түсті, себебі жұмысшы күшінің негізін басқа мемлекеттен келетіндер құрайды. Сондықтан осы мәселе бойынша шетелдік жұмысшы күшіне патент енгізу туралы ұсыныстар да айтылды, – деп атап өтті Алмат Жүнісов. Ол сондай-ақ бұл мәселе «Атамекен» ҰКП және мемлекеттік органдардың қатысуымен өтетін жұмыс тобында талқыланып жатқанын жеткізді.

Соған қоса «Кеңмарт», «Small», «MagnumCash&Carry» супермаркеттерінің, «Беркат» консорциумының кеңейтілуіне байланысты бұл жұмыс берушілер орта буын мамандар бойынша 300-ден астам бос жұмыс орнына сұраныстары бар екенін көрсетті: атап айтқанда, бақылаушы кассирлер, сатушы-консультанттар, мерчендайзерлер. Қаланың коммуналдық кәсіпорындары және іске қосылған МИБ, яғни мүлік иелері бірлестіктері жұмысшы кадрлар мен инженерлік-техникалық мамандар сұратады.

– Осы мәселелерді шешу үшін Нұр-Сұлтан қаласының Кәсіпкерлер палатасы Білім басқармасына 2021-2022 оқу жылы үшін құрылыс саласына, сонымен қатар маркетинг және қосымша техникалық мамандықтар дайындауға мемлекеттік білім беру тапсырыстары сандарын арттыру қажеттілігі туралы ұсыныстар жолдады, – деді А.Жүнісов.

Жалпы кез келген мемлекет медицинасының алдында шешімін талап ететін көптеген мәселелер болады. Оның ішінде халыққа қолжетімді сапалы медицина қызметін қамтамасыз ету, жаңа салалар мен технологияларды енгізу, кадрлар дайындау және тағы да басқалар бар. Жаңа салалар тарапынан қарастыратын болсақ, Қазақстанда Елбасының «Болашақтың госпиталі» идеясының аясында дамуы қолға алынған нейрохирургия, кардиохирургия деген сияқты медицина бағыттарының айтарлықтай жетістіктері көп. Міне, осының бәрін мен тәуелсіздігіміздің арқасында қол жеткен жетістіктер деп толық сеніммен айта аламын.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ БІР КӨРІНІСІ

Қазақстан тәуелсіз ел, дербес мемлекет болғалы дамудың сындарлы жолдарынан өтті. Өткен 30 жыл ішінде әлемдегі елдермен тереземіз теңесіп, халықаралық аренада мәртебеміз айшықталды. Менің айтпағым, елімізде медицина саласы ерекше қарқынмен дамыды. Елбасының тікелей бастамасымен 2000 жылдардың басында елордада «Болашақ госпиталі» жоспары іске асырыла бастады. Соның арқасында сол жағалаудан үлкен медициналық кластер пайда болды. Оның қатарында қазіргі таңда жұмыс істеп тұрған «Ана мен бала» орталығы, нейрохирургия, кардиохирургия, диагностикалық, жедел жәрдем орталықтары бар. Оның ішінде 2008 жылы ашылған 160 төсек орындық, 6 бөлімі бар нейрохирургия орталығын ел медицинасындағы зор жетістік деп бағалаймын. Себебі оған қажетінше қаржы бөлініп, ең соңғы заманауи технологиялармен жабдықталды, бұрын-соңды Қазақстанда болмаған медицинаның жаңа салалары осы жерде ашылды. Сол кезде ең басты мәселе осы орталыққа жас мамандарды оқытып, даярлау міндеті тұрды. Сөйтіп 40-тан астам маманды 3 айдан 6 айға дейін шетелдерде оқыттық. Орталық ашылғалы қаншама жанның өміріне араша болып, аман алып қалдық. Жылына орта есеппен кем дегенде 700-800 ота жасалады. Бүгінге дейін орталықтан 54 мың науқас ем қабылдап, 39 мыңға жуық ота жасалған екен.

Нейрохирургия – медицинаның ең күрделі салаларының бірі, себебі ол адамның орталық жүйке жүйесінің, жұлынның және периферия лық жүйке жүйесінің, қан тамырларының патологияларын айқындаумен және емдеумен айналысады. Яғни, бұл дәрігерден жоғары біліктілікті, нақтылықты, жауапкершілікті талап етеді. Нейрохирургтің ота жасау кезіндегі әрбір қимылы, бір артық не кем жасалған әрекеті науқастың кейін толыққанды қимылдауына, жүріс-тұрысына, ойлау не сөйлеу қызметіне әсерін тигізуі мүмкін. Кейбір күрделі жағдайларда жалпы адам өмірінің өзі нейрохирургтің қолында болатынын айтудың да қажеті жоқ шығар. Оған қоса, нейрохирургия үлкен қаражатты, жоғары технологиялық құрал-жабдықтарды қажет етеді. Сондықтан нейрохирургияның дамуы мемлекет дамуының бір көрінісі десе де болады.

Серік АҚШОЛАҚОВ,
Қазақстанның Еңбек Ері,
нейрохирург, профессор

ТУРИСТІК ОРАМ – ТАРТЫЛЫС ОРНЫ

Ұлы дала даңғылынан солтүстікке, Ш.Айтматов көшесінен шығысқа қарай туристік орам салу жоспарланып отыр. Қалалық Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының мәлімдеуінше, сол аймаққа альпинизм орталығы, аквапаркі мен кинотеатры бар сауда, ойын-сауық орталығы, киберарена, көпсалалы ойын кешені және қонақүй салынбақ.

amangali.kalzhan@mail.ru
Аманғали ҚАЛЖАНОВ

– Бұл – жақын бес-алты жылда жүзеге асырылатын жоба. Жалпы туристік орамды салу үшін 300 гектардан астам аумақ игеріледі, – дейді Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Нұрлан Ұранхаев.

Оның айтуынша, туристік орам аумағында әлеуметтік нысандар да салынады. Бұл жоба жаңа жұмыс орындарын құруға, елорданың туристік әлеуетін жақсартуға септеседі.

– Жоспар бойынша аталмыш ауданда оқушылар бос уақытын тиімді өткізетін нысан, 400 келушіге арналған емхана, 300 келушіге шақталған медицина орталығы, 5500 орынға арналған үш мектеп, 1035 орынға шақталған үш балабақша мен оған жапжарлас ғимараттар салынады. 1386,1 шаршы метр тұрғын үй бой көтереді. «Жасыл» жаяу жүргіншілер желекжолы салынып, маңайдың бәрі тұрғындардың жайлылығы үшін абаттандырылады, – дейді Н.Ұранхаев.

ЖҰМЫСШЫҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН БА?

Елордада «Астана-көгалдандыру» кәсіпорны қызметкерлерінің әлеуметтік әл-ауқаты артуда. «Халің қалай, бастауыш ұйым?» шарасы аясында кәсіподақтар қауымдастығы төрағасының орынбасары Нұрлан Өтешев Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және құрылыс кешені қызметкерлерінің салалық кәсіподағы құрамына кіретін «Астана-көгалдандыру» қызметкерлерінің жұмысымен танысты.

naima.kz.2012@bk.ru
Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

Кәсіпорынның негізгі қызметі – елорданы көгалдандыру. Серіктестікте 1056 адам жұмыс істейді, оның 710-ы – кәсіподақ мүшесі, бұл жалпы жұмысшылар санының 68 пайызын құрайды.

Жергілікті кәсіподақ төрағасы Рүстем Тоққожаевтың айтуынша, кәсіподақ ұжымдық келісімшарт арқылы қосымша өтемақы және ынталандыру сыйақылары мен үстемелер сияқты жеңілдіктерге қол жеткізген. Мысалы, көлік жүргізушілері мен машинистер, бригада басшылығына және уақытша болмаған қызметкердің міндетін орындаған маманға жалақының 10-нан 25 пайызына дейін қосымша ақы төленеді. Сонымен қатар жасыл желектерді қорғау барысындағы зиянды еңбек жағдайлары үшін қызметтік жалақының 16 пайызы мөлшерінде төлем қарастырылған.

«Соңғы 12 айда барлық қызметкердің жалақысы бірнеше есеге артты. Қызметкерлерге еңбекақы мен әлеуметтік төлемдер толық көлемде және уақытында төленеді» деді кәсіподақ комитетінің төрағасы.

Кәсіпорын қызметкерлері арнайы киіммен және аяқ киіммен, құралдармен, алғашқы медициналық көмек қобдишаларымен, сүтпен, қорғаныс құралдарымен, техникалық құжаттармен толық қамтамасыз етілген. Қызметкерлердің балалары үшін демалыс лагерлеріне жолдамалар, мерекелік сыйлықтар қарастырылған. Сондай-ақ жыл сайын кәсіпорын басшылығы кәсіподақ комитетімен бірлесіп, көпбалалы отбасыларға, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға ақшалай, азық-түлік, киім-кешек түрінде әлеуметтік көмек көрсетеді.

№72 (4196) 22/06/2021 Сейсенбі

КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР КЕЗЕҢІМЕН ІСКЕ АСАДЫ

Биыл елордадағы Сарыарқа ауданына 23 жыл толды. Шаһардағы ең алғаш болып қазығы қағылған әрі халық тығыз қоныстанған аудан аз уақыт ішінде талай тарихи сәттерге куә болды. Осы орайда өңірдің соңғы бір жылда қалай өзгергенін, бүгінгі тыныс-тіршілігі мен ертеңгі жоспары жайлы өткен жылы қызметіне кіріскен Есет БАЙКЕННЕН сұрадық. Әкім өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, қордаланған мәселелердің шешімі, азаматтық ұстанымы мен тұрғындарды толғандырған өзекті сауалдарға жауап берді.

БОЛАШАҚҚА КҮМӘН БОЛМАЙДЫ

– Сарыарқа – елордадағы күрмеулі мәселесі көп аудан. Өйткені ауданда түйткілдері көп шеткі аймақтар мен кеңістік дәуірде салынып, әбден тозығы жеткен ескі үйлер жетіп артылады. Кейбір көшелерде жол сапасы сын көтермейді. Бұл мәселелер қалай шешіліп жатыр?

– Айтылғандардың ешбірін жоққа шығармаймын. Сарыарқа – тарихи аудан, Елбасы Н.Назарбаевтың сәтті жүзеге асқан жобасы, елордадағы ең алғаш болып қазығы қағылған аудан. Тозығы жеткен үйлерді сүру, жол мәселесі, абаттандыру, жарықтандыру мәселелері қаланың бас жоспарына сай жүйелі түрде шешімін тауып жатыр.

Жол мәселесіне тоқталсам, ауданымызда жалпы 315 көше бар. Қазіргі таңда оның 58-іне асфальт төселмеген. Биыл ұзындығы 10 км болатын 17 жаңа көшеге асфальт төселіп, 34 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Қазіргі таңда М.Әуезов, Ы.Дүкенұлы, Ә.Молдағұлова көшелерінің аралығында жөндеу жұмыстары аяқталып, тағы 6 көшеде жөндеу жұмыстары қарқын алды. Сонымен қатар жыл соңына дейін 128 мекенжайда шұңқырларды жамау жұмыстарын бітіру жоспарланған.

– Өзіңіз жайлы айтып беріңізші. Сізді қоғамдағы қандай мәселелер толғандырады?

– Өзімді Сарыарқаның төсінде туып-өскен, Қазақ еліне, қоғамға пайдасын тигізуді мақсат еткен азамат санаймын. Осы жерде білім алдым. Университет табалдырығын аттағалы мемлекеттік қызметтерді атқарып келемін. Көп уақыт қалалық әкімдікте, Президент әкімшілігінде жұмыс істедім. Өңірдің даму қарқыны және үрдісі қызықтырғандықтан туған өлкеме барып, аудан әкімі болып қызмет еттім. Біздің мақсатымыз – тұрғындарға қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру. Ең алдымен жастарға жағдай жасау керек. Әр тұрғынның ауласынан спорттық алаңдар, саябақ, аула клубтары мен спорт кешендері табылуы тиіс. Бүгінде ауданымызда 4 аула клубы жұмыс істейді. Мамыр айында «Динамо» спорт кешенінен тағы бір аула клубын аштық. «Астана» спорт сарайы жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар ауданымызда бұрыннан келе жатқан Оқушылар сарайы орналасқан. Жобалық мүмкіндігі бойынша 600 балаға арналса, бүгінде 3000-нан аса баланы қамтып отыр. Сонымен қатар биыл 9 футбол алаңында, Самал шағын ауданы маңайындағы баскетбол, стритбол алаңдарын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Есіл жағалауында скейтборд алаңдары пайда болады. Қала күніне орай бизнес өкілдерінің қолдауымен футбол алаңы бар 300 шаршы метрлік аула клубын ашамыз.

ӘР АУЛАДА КЛУБ АШЫЛСА

– Дәл осы аула клубтарына қатысты тұрғындардың тілегі бар. «Неге аула клубтарын әр тұрғын үйдің төменгі қабатынан ашпайды? Әйтпесе қаптаған сұлулық салондары, дәмхана, көңіл көтеру орындары... Үйдің бір бұрышынан орын беріп, балаларымыз тегін үйірмелерге барса, қауіпсіздігін ойлап алаңдамаушы едік» деп пікір білдірді көпбалалы ана Айнұр Байжұматова. Бұл қаншалықты мүмкін жағдай?

– Толықтай келісемін. Аула клубтары әр ауладан табылса, мен тек құптаймын және осы бағытта жұмыс істеп жатырмыз. Былтыр жұмысқа кіріскен кезде аула клубтарының жағдайы өте нашар болды. Қазіргі кезде Жастар саясаты басқармасымен бірге барлық аула клубтарының жұмысын жандандыруға басымдық беріп отырмыз. Былтыр 3 аула клубы болса, биыл тағы біреуі ашылды, енді біріне жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар ескі вокзал маңында тағы екі аула клубын ашу жоспарланған. Үйдің астында ғана емес, жекеменшікте тұрған дайын спорт кешені бар екен, соның иесімен келісімге келдік, қазір жөндеу жағын реттестіріп жатырмыз. Биыл тағы 3-4 аула клубы ашылады.

Ауданымызда қазір жеке 19 көппәтерлі тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатыр. Құрылыс компанияларының басшыларымен келіссөз жүргізгенде қояр талабымыз да осы. Ауданымызда салынып жатқан жаңа тұрғын үйлерге қойылар екі талап бар: бірі – аула клубы, екіншісі – ардагерлер орталығы. Ауданда 4 қариялар клубы бар. Жақында «Қазына» атты ардагерлер клубын аштық.

– Өзіңізге белгілі, қазір қаламызда табиғи газбен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Сіз басқарып отырған ауданда жұмыс нәтижесі қалай?

– Бүгінде әкімдік қызметкерлерінің алдында тұрған ең басты әрі қызықты жұмыс – осы газдандыру. Ауданымызда алдағы уақытта 7844 үйді газға қосу жоспарланған. «Көктал-1», «Көктал-2», «Агроқалашық» пен аудан орталығында орналасқан жер үйлерді газға қосу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда газ тарту жұмыстары «Көктал-2» тұрғын алабында толығымен аяқталды. Ал «Агроқалашықта» жұмыстың жартысы орындалды. Тұрғындар былтырдан бері табиғи отынның тиімділігін көріп отыр.

Сонымен қатар бүгінде 7844 тұрғынның 1000-ы техникалық құжаттама алуға алуға өтініш білдірген, 881-і техникалық құжаттамасын алып, монтаж жұмыстарына кірісті. Оның 568-і монтаж жұмыстарын аяқтап, тек газ қосылуын күтіп отыр.

ҮШ АУЫСЫМДЫ МЕКТЕП МӘСЕЛЕСІ ӨЗЕКТІ

– Қаламыздағы халық тығыз орналасқан аудан – Сарыарқа. Аумағы аз болса да, тұрғыны көп. Тұрғындар санының артуы әкімдікке бірқатар міндет жүктейді. Айтыңызшы, ауданда құрылыс қарқыны қалай?

– Ауданымызда тұрғын үйлердің құрылысы қарқынды түрде жүргізіліп отыр. Сол себепті ауданға келушілердің саны кетіп жатқандардан көп. Халық саны былтыр 341 мың болса, қазір 342 мыңға өсті.

Ауданда үш ауысымды және оқушылар саны көп сыныптар көбейіп кетті. Бұл мәселе бас жоспарға сай жаңа мектептердің ашылуымен жолға қойылады. Өткен жылы екі білім ордасы, «Көктал» тұрғын алабында аумағы 15 гектарлық саябақ ашылды. Жоба құрылысы 2014 жылы басталып, 2019 жылға дейін қаржының жетіспеуінен тоқтап тұрды. Қала әкімінің тапсырмасымен қайта қолға алып, былтыр пайдалануға бердік.

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ АРЗАНДАЙ МА?

– Пандемия шағын және орта бизнеске біраз ауыртпалық түсіргенін білеміз. Ауданда кәсіпорындар ашу, шағын және орта бизнесті қолдау жағы қалай? Сонымен қатар азық-түлік бағасы күннен-күнге қымбаттап барады. Мұны аудан әкімі ретінде қалай шешіп жатырсыз?

– Экономикамыздың тірегі шағын және орта бизнес екенін жіті түсінемін. Бүгінде кірістің 60 пайыздан астамы аталмыш саладан түсіп отыр. Сондықтан Президент тапсырмасына сәйкес 2023 жылға дейін базарларды жаңа форматтағы сауда орындарына көшіру жоспарланған. Осы бағытта 4 базармен жұмыс істеп жатырмыз. Сонымен қатар «Көше саудасына – 1000 орын» жобасы аясында ауданға тиесілі 200 орын толығымен игерілді.

Сондай-ақ ауданның үлкен жаңалығы – 3100 гектарға Бейсекова мен Қосшығұлұлы көшелерінің қиылысында үлкен сауда орталығы ашылады.

ХАЛЫҚТЫҢ АЛАҢДАЙТЫНЫ – ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

– «Көкталдың» біраз көшесінде жарық жоқ. Қала орталығына жету қиын. Тікелей қатынайтын қоғамдық көлік жетіспейді» дейді тұрғындар. Бұл пікірмен келісесіз бе? Тұрғын алаптардың тағы қандай мәселелері бар?

– Жартылай келісемін. «Көктал» тұрғын алабын Тілендиев даңғылы екіге бөліп тұр. «Көктал-2»-де қазіргі таңда инженерлік инфрақұрылым толық қамтамасыз етілген. Жол, су, кәріз жүйесі, жарықтандыру, аялдама, қоғамдық көлікке қатысты барлық сұрақтар шешілген. «Көктал-1» тұрғын алабында асфальтталмаған жолдар бар, су мәселесі, кәріз жүйесіне қатысты мәселелер тұр. Қала әкімінің тапсырмасына сәйкес болашақта қаржы бөліп, алдағы жылдары толығымен аяқтау жоспарлануда. Қазіргі уақытта «Көктал-1» тұрғын алабында 3 көшенің құрылысы басталды, 2 қоғамдық кеңістік салынып жатыр. Үшінші саябақтың жобалық-сметалық құжаттары дайын, қаржы бөлінсе, құрылыс басталады. Жалпы «Көктал-1»-де 91 көше бар. Оның 28-інде тиісті инфрақұрылым жоқ. Оған қаржы бөлінген кезде мәселесін кезең-кезеңімен шешу жоспарымызда бар.

Есептік кездесуде байқағаным, тұрғындардың басым бөлігін осы қоғамдық көлік мәселесі алаңдатады. Бұл – өзекті мәселе. Халықпен кездесуден кейін қоғамдық көлікке қатысты қойылған сұрақтардың бәрін қағазға түртіп алып, 2 ай қаладағы «CTS» компаниясы және Қоғамдық көлікті дамыту және автомобиль жолдары басқармасымен бірлесіп жұмыс істедік, нәтижесінде сұрақтардың жартысынан көбі шешімін тапты. Биыл жоспар бойынша соның 60 пайызы оң шешімін табады.

«ӘКІММЕН АСҮЙДЕ ОТЫРЫП ТІЛДЕСТІМ»

– Сұхбат соңын әлеуметтік салада атқарылған істер жайымен түйіндесек. Өйткені жұрт әкімдердің жұмысын әлеуметтің әл-ауқатының деңгейіне қарап бағалайтыны рас. Ауданда аядай бөлмені жалдап тұрып жатқан көпбалалы отбасылар көп. Олардың мәселесі қаншалықты назарыңызда?

– Меценаттар мен демеушілердің арқасында жыл басынан бері 1300 отбасыға ай сайын азық-түлік жиынтығы таратылып отыр. Соңғы екі жылда 1000 пәтерлік екі әлеуметтік тұрғын үй кешені пайдалануға берілді. Барлығы аз қамтылған отбасыларға арналған. Жыл басынан бері 500-ге жуық азаматпен кездесу өткіздім. Аптасына екі рет үй-үйді аралаймын, себебі тұрғындармен жеке кездесу мәселені жедел шешуге көмектеседі. Онлайн және офлайн кездесеміз. Жақында бір тұрғын «Әкіммен асүйімде тілдесіп, мазалаған мәселемді көтеріп отырмын. Ең дұрысы осы, үйден шығудың қажеті жоқ» деп пікір білдірді. Жалпы аудан тұрғындарының әл-ауқаты ортадан жоғары деп айтуға болады. Бұл атқарылып жатқан істердің, мемлекеттік бағдарламалардың нәтижесі деп білемін.



Сұхбаттасқан Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

ЖАҢА ҮЙГЕ КӨШЕ МЕ?

Сарыарқа ауданында «Нұрлы жер» бағдарламасына сәйкес ескі үйлер сүріліп, пәтер иелері жаңа үйлерге көшіп жатыр. Бағдарлама аясында ауданда 2018 жылдан бүгінге дейін 11 үй сүрілді. Биыл – 5, ал келесі жылы 16 үйді сүру жоспарланған.

Ауданда жоспарға енбеген апаттық жағдайдағы 49 үй бар. Ол үйлерді бағдарламаның екінші кезеңіне, яғни 2023-2027 жылдар аралығындағы жоспарға енгізу көзделіп отыр. 40-50-жылдарда салынған үйлер сын көтермейді. Кенесары мен Жеңіс даңғылының бойындағы тозығы жеткен екі қабатты үйлер, кезінде теміржолшыларға арнап салынған коттедж болған. Тарихи маңызы бар үй болғандықтан, тұрғындар сүруге қарсылық білдіріп отыр. Дегенмен осы бағдарламаның аясында барлық апаттық жағдайдағы үйлерден 2027 жылға дейін құтылу көзделген.

Қазіргі кезде ауданда 171 ұйым қадағалап отырған 974 көппәтерлі тұрғын үй бар. 2022 жылға дейін барлығын мүлік иелерінің бірлестігіне өткізу жоспарланған. Яғни 974 үйде 974 МИБ құрылуы тиіс. Бүгінде 39 МИБ тіркелген.

Қаламыздың жасыл желегі жайқалған ауданы болса – ол Сарыарқа. 40 мыңнан аса ағаш отырғызылған, қаланы желдің өтінен сақтап, оттегімен қамтамасыз етіп қана қоймай, ажарын ашып, көркін кіргізіп отыр.

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕГІ ЖАЙҚАЛҒАН

Былтыр 2800 ағаш егілсе, биыл оның санын үш есе арттырып, тағы 6 мың ағаш отырғызу жоспарлануда. Сонымен қатар ауданда көшелерге сән беру үшін 11 мыңнан аса гүл егу жоспарланған.

Ауданда 327 аялдама бар. Оның 40-қа жуығы – жылы аялдама. Биыл аялдамаларды күтіп-ұстау жағы әкімдікке өтті. Оған дейін қалалық Көлік және жолкөлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының бақылауында болды. Қазір тұрғындар тарапынан түсетін сын-ескертпелер арасында аялдамаға қатыстылары азайған. Жыл соңына дейін барлық аялдамаларда қалпына келтіру жұмыстары толығымен аяқталады.

№72 (4196) 22/06/2021 Сейсенбі

ҚАЛАНЫҢ ДАМУЫ ҮШІН АЯНБАЙ ЕҢБЕК ЕТЕМІЗ!

23 маусым – Мемлекеттік қызметшілер күні. Ертең тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік қызметшілері кәсіби мерекелерін атап өтеді. 2002 жылдың 20 желтоқсанында БҰҰ-ның 57-сессиясы өтіп, бұл күнді Мемлекеттік қызметкерлер күні деп бекітті. Еңбегі терең біліктілікті, үлкен жауапкершілік пен төзімділікті талап ететін маман иелерін мереке қарсаңында сөзге тартып, атқарып жатқан жұмыстары мен мемлекеттік қызмет жайлы ой-пікірлерін сұрап білдік.

naima.kz.2012@bk.ru

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

Жанар МҰХАМЕДЖАН, Нұр-Сұлтан қаласының Дін істері жөніндегі басқармасының бас маманы:

– Мемлекеттік қызмет үшін беделдің функционалдық және мәртебелік маңызы бар. Қазіргі қоғамда мемлекеттік қызметтің оң беделін қалыптастыру үрдісі атқарушы биліктің имиджідік саясатымен тығыз байланысты. Мемлекеттік қызметкер – халық пен билік арасындағы алтын көпір. Тұңғыш Президент-Елбасы Н.Назарбаев атап көрсеткендей, елді тиімді басқару үшін мемлекеттік қызметкердің бойында билік пен өз өкілеттіктерін қолдана білуі және адалдық қасиеттері болуы қажет. Мемлекеттік қызметкерге үлкен жауапкершілік, кәсіби білім, әділдік, адалдық, белсенді өмірлік позиция қажет. Мемлекеттік қызметкер болу – зор құрмет, сондықтан да осы саланы таңдадым. Мықты маман болу үшін кәсібілікпен бірге адамгершілік қасиеттерді қатар алып жүру керек.

Мемлекеттік қызметке көңілім толады. Жаңа бағыттармен жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде мемлекеттік қызмет жүйесінде көптеген өзгерістер болып жатыр. Еліміздің әрбір өңіріндегі әріптестерімді бүгінгі кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын! Зор денсаулық, еңбекте табыс тілеймін!

Руслан ФАРИТҰЛЫ, Инвестициялар мен кәсіпкерлікті дамыту басқармасының бөлім басшысы:

– Мемлекеттік қызметте жүргеніме 9 жыл болды. Мен осы саланы өзім таңдадым. Еліміздің және қоғамның дамуы үшін өз үлесімді қосқым келді. Біз азық-түлік бағасының қымбаттамауын қадағалаймыз. Бағаның тұрақталуы – бақылауымызда. Мен оқу бітірген жастарға мемлекеттік қызметті ұсынар едім. Себебі түйіп алар тәжірибесі көп қызмет деп білемін. Жан-жақты дамуға мүмкіндік береді, тәртіпке бағынуға, елдің дамуы үшін еңбек етуге бағыттайды. Қоғамдағы күрмеулі мәселелердің шешімін табуға атсалысып, соның оң нәтижесін көргенде, сөзбен айтып сипаттай алмайтын тәжірибе аласың. Халықтың әл-ауқатын көтеруге үлесіңді қосуға мүмкіндік аласың. Алғашқы еңбек жолымды Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінен бастадым. Кейін Ұлттық экономика министрлігінде жұмыс істедім. Қазір қала әкімдігінде қызмет етемін.

Ел мүддесінің үдесінен шығуды алдымызға миссия ретінде қойсақ, әркім өзі қызмет етіп жүрген салада үздік, білікті маман болса, елдің де келешегі кемел болады. Сөз соңында, барша әріптестерімді кәсіби мерекелері – Мемлекеттік қызметшілер күнімен құттықтаймын!

Ерұлан ҚАРАБАЕВ, Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының бас маманы:

– Мемлекеттік қызметтің беделі бізде әрқашан жоғары болған деп ойлаймын. Мемлекеттік қызмет нәтижесі елдің дамуын көрсетеді. Бұл жұмыстың дұрыс атқарылып жатқанын көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет баға жетпес тәжірибеден бөлек, жеке қасиеттерімді дамытуға, ал ең бастысы, жақсылық жасауға итермелейді. Сондай-ақ достар мен тәлімгерлер табуға көмектеседі.

Еліміздің барлық мемлекеттік қызметкерлерін кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Еліміздің даму жолында биік белестерді бағындырып, жетістіктерге жетулеріңізге тілектеспін!

Құрметті ішкі істер органдарының ардагерлері! Қадірлі әріптестер!

Сіздерді 23 маусым – Қазақстан полициясы күні кәсіби мерекесімен құттықтаймын! Бұл мейрам – ішкі істер органдары қызметкерлерінің табанды еңбегі мен кәсіби біліктілігіне көрсетілген құрмет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Сіздер пандемияға қарсы күрес секілді қиын-қыстау кезеңде де өздеріңізге жүктелген күрделі міндеттерді адал атқарып келесіздер» деп атап өтті. Осы үдеден шыға білу, халықтың сенімін ақтау – біздің басты парызымыз. Биылғы кәсіби мерекенің ерекшелігі – қастерлі тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен тұспа-тұс келуі. Егемендік алған алғашқы жылдардан бастап тәртіп сақшылары Отанға адал қызмет етудің үлгісін көрсетіп, еліміздің тұрақты дамуына өз үлесін қосуда.

Бүгін біз бірінші кезекте қаза тапқан әріптестерімізді еске аламыз. Олар тұрақтылық пен тыныштықты сақтау жолында аянбай тер төгіп, қызметтік және азаматтық борышын адал орындады. Жанқиярлық ерлігі мен адал еңбегін ұлықтап, отбасы мүшелеріне жан-жақты қолдау көрсету – асыл парызымыз.

Отанға адал қызмет етіп, жастарға жасампаздық үлгісін көрсеткен ардагерлерге ықыласымыз ерекше. Сіздер қоғам өміріне етене араласып, заң үстемдігін қамтамасыз етуге кепіл болдыңыздар. Бай тәжірибелеріңізді кейінгі жас буынның бойына дарыта білдіңіздер. Өздеріңіз туын жоғары ұстаған ішкі істер органдарының беделі болашақта да абырой биігінен табыларына сенімдімін.

Елордалық полицияда кәсіби біліктілігі жоғары кадрлар құрамы қалыптасқан. Біздің қатарымызда отбасы мүшелерімен бірге құқық қорғау саласын таңдаған қызметкерлер бар. Мейірімді нәзік жандар да аз емес. Олар асқан белсенділік танытып, ел мүддесі үшін еңбектенуде. Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаментінің жеке құрамы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғап, сағат сайын, күн сайын қылмыспен табанды күрес жүргізуде. Абыроймен атқарылған адал еңбек ешқашан назардан тыс қалмайды. Сіздерге өз атымнан ризашылық білдіремін. Тұрақтылық пен тыныштықты сақтау жолында аянбай тер төгіп, қызметтік және азаматтық борыштарыңызға адал болыңыздар. Қазақстан Республикасының барлық полиция қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтай отырып, еліміздің өсіп-өркендеуі жолындағы қажырлы еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!

Ержан САДЕНОВ, Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаментінің бастығы

ЕР БОЛСАҢ, ЕРЛАНДАЙ БОЛ

Көпшіліктің тәртіп сақшыларының қызметіне қатысты пікірі қақ жарылғанымен, полициясыз қоғамды көзге елестету қиын.

wynbolat94@gmail.com

Шынболат КҮЗЕКБАЕВ

Әсіресе, Нұр-Сұлтан сынды аумағы, халқының саны сәт санап өсіп келе жатқан мегаполисте «102» нөміріне дамыл болмайтыны анық. Оның үстіне қылмыскерлерді көп жағдайда уақытпен санаспайтынын ескерсек, тәртіп сақшылары да тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн режимімен қызмет жасауы керек-ақ. Шынында барша азаматтың қауіпсіздігі үшін күн сайын басын қатерге тігіп жүргендердің қызметі қандай да болсын құрметке лайықты. Ара-тұра полиция қызметкерлері қызметтік борышын өткеру кезінде жанын пида, басын құрбан еткендердің өнегесі де бұл саланың қоғам өміріндегі маңызынан хабар беріп тұрғандай.

Бүгінде Нұр-Сұлтан қалалық полиция департаментінің Сарыарқа аудандық полиция басқармасында учаскелік полиция инспекторы болып қызмет атқаратын полиция капитаны Ерлан Жаңабаевты әріптестерімен бірге қала тұрғындары да мақтан тұтады. Әсіресе, оған тиесілі әкімшілік аумақтың тұрғындары Жаңабаевты бір жыл ішінде 3 рет ерлік жасап, талай жанның өміріне араша болғанын мақтанышпен айтып береді.

2020 жылдың ақпан айы. Өз кезекшілігін әдеттегідей аумақты аралаудан бастаған Жаңабаевтың назарына жатақханалардың біріндегі түтін ілікті. Дереу өрт сөндірушілерге хабар берген учаскелік полиция инспекторы уақыт оздырмай жалын шарпыған ғимаратқа қойып кетеді. Өзінің жанқиярлық ерлігінің арқасында Ерлан Жаңабаев 7 адамды өлімнен құтқарып қалады. Бір қызығы, өз әрекетін ерліктен бұрын қызметтік борышы деп қана білген тәртіп сақшысы әлгі оқиға жайында ешкімге айтпаған екен. Тек арада бір күн өткен соң оқыс оқиғадан аман қалғандар өз құтқарушысы жайында айта бастайды. Әріптестері содан кейін ғана барып Жаңабаевтың жасаған азаматтығынан хабардар болған.

Арада бірер айдай уақыт өткен соң, Ерлан тағы да бір жанды өлімнен арашалап алады. Мұнда да жатақханадағы бөлмелердің бірінен өрт шыққан. Тұрғындар жан ұшыра жақын маңдағы учаскелік полиция бөліміне жеткен. Онда кезекшілігін өткеріп отырған Ерлан Жаңабаев мән-жаймен танысқан соң жатақханаға қарай тұра ұмтылады. Құтқарушылармен бірге 4-қабаттағы бөлмелердің бірінде қалып кеткен ер адамды таза ауаға алып шыққан полиция қызметкері оған алғашқы медициналық көмек көрсетті. Дер кезінде көрсетілген көмектен әлгі адам аман қалады. Өрт шыққан жатақханадағы 80 тұрғын қауіпсіз жерге көшірілді.

Былтыр дәл осындай жатақханалардың біріндегі өрт кезінде 3-қабаттағы пәтерлердің бірінде 2 баланың қамалып қалғаны белгілі болады. Олардың да анасы жанұшыра көмек сұрап, учаскелік полиция пунктіне қайырылған. Бұл жолы да көмекке алғашқылардың бірі болып келген Ерлан Жаңабаев 4-қабаттың терезесі арқылы 3-қабаттағы балалар қалып кеткен пәтерге түсіп, бүлдіршіндердің өмірін сақтап қалды.

Бұл – Ерланның құқық қорғау органдары сапындағы 18 жылдық қызметінде қоғам назарына іліккен ерліктерінің бір парасы ғана. Адам өмірін құтқаруды, оларға көмекке көрсетуді жай ғана қызметтік борыш деп білетін Ерлан Жаңабаев сынды азаматтар – шынында қазақ полициясының жарқын бейнесі. Біз өз тарапымыздан өзгенің бас амандығы үшін, өзінің жанын пида етуге даяр полиция қызметкерлерінің көп болуына тілектеспіз!

ӘКЕГЕ ҚАРАП БОЙ ТҮЗЕГЕН

Тергеуші дегенде көз алдымызға өңі сұсты, қабағы қату, әр сөзін екшеп сөйлейтін полиция қызметкерінің келетіні жасырын емес. Көбіне тергеушілер диктофонға ақтарылып сөйлей бермейді, бұл олардың қызметтік мінезі, этикасы болу керек. Ал ашық, еркін, жеке көзқарасы бар тергеуші тап келсе бұл олжа, өйткені бұл қызметтің біз білмейтін құпия сырлары мол.

karkynkktem@gmail.com

Көктем ҚАРҚЫН

Бүгінгі мақала маңызды қызметтің жүгін абыроймен арқалап жүрген тергеушіге арналмақ. Ол түрлі қылмыс бойынша тергеу мен беттестіру жұмыстарын жүргізіп, жиналған ақпараттарды талдау барысында қылмыстың бірнеше болжамын жасайды. Әңгіме ішкі істер органында он бес жыл табысты қызмет атқарып жүрген маман, Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаментінің Тергеу басқармасы бөлім бастығының міндетін атқарушы, полиция майоры Талғат Айтжұман туралы. «Біздің қызметтің жауапкершілігі мол. Осы салаға келуіме әкем себепкер болды. Әкем полиция қызметкері еді. Кішкентайымнан әкеме еліктеп форма киіп, погон тағуды армандадым. Бала арманым қазіргі жетістігіме ұласты» дейді Талғат Советқазыұлы. Әкесіне қарап бой түзеген ол өмір жолының құқық қорғау саласымен байланысты болатынын жастайынан білген. Өйткені ішкі істер органында ұзақ жыл табысты қызмет атқарған әкесі ұлына үнемі үлгі болып, бағыт-бағдар берген. Полиция майоры 2002-2005 жылдар аралығында Алматы экономикалық колледжінде, кейін Қазақ мемлекеттік заң академиясында «құқықтану» мамандығы бойынша білім алған. 2008 жылы еңбек жолын бастаған сақшы түрлі қызметтерді иықтағы шенге дақ түсірмей атқарған. Ол Алматы қалаласында ішкі істер басқармасында аға анықтаушы болып жұмыс істеген. Кейін Талғат Советқазыұлы 2018 жылы елордаға қоныс аударып, қалалық Полиция департаментінің Тергеу басқармасына жұмысқа орналасқан. Шешімін тапқан көптеген тергеу шараларының басы-қасында жүрген полиция майоры қызмет барысында қызықтар мен қатар әртүрлі қиындықтарға тап болатынын айтты. «Полиция қызметкері болғандықтан, жұмыс барысында әртүрлі оқиғаларға тап боламыз. Еңбек жолымды анықтаушыдан бастадым. Қазір тергеушімін. Тергеу кезіндегі алғашқы ісім кісі өліміне қатысты болды. Мұндай қылмыстарды ашу оңай емес. Қазір аса ауыр тергеу бөліміндемін. Бұл жерде біз күнделікті адам өлтіруге, кәмелет жасқа толмаған балаларға зорлық көрсетуге байланысты ең ауыр қылмыстар тергеледі. Сол себепті артылар жауапкершілік көп. Тергеуші лауазымына шыдайтындар да бар, шыдамайтындар да бар. Өйткені бұл жерде тергеуден бөлек, кәсіби маманның өзін-өзі ұстауы, адамдармен сөйлесе алуы, ораторлық шеберлігі, қылмыскерге кінәсін мойындата алуы сынды қасиеттер тергеушінің құзіретіне кіреді. Бірақ бұл туралы еш жерде жазылмаған. Жақсы тергеуші адамның көзіне бір қарап, оның жүріс-тұрысынан, киімінен тани алады» дейді полиция майоры.

Талғат Айтжұманның айтуынша, тергеушілер де жан-жақты болуы керек. Бұл мамандық қатып қалған заңдармен шектелмейді. Тергеу ісі адам психологиясын зерттеуден басталады. «Біз көп ізденеміз. Жиі кітап оқып, өзімізді дамытамыз. Кейде іс барысында бір заң бір заңға қарама-қайшы келіп жатады. Ол кезде өзімізше сараптама жасап, заңдарды зерттейміз. Тергеушілік – шығармашылық процесс. Шын мәнінде, біз де шығармашылықтың адамдарымыз» дейді ол.

Кейіпкеріміз соңғы кездері полиция қызметкерлеріне мемлекет тарапынан айтарлықтай көмек беріліп, жағдай жасалып жатқанын да айтты. «Иә, жұмысымыз қиын емес. Бірақ отбасымызға мемлекеттің әрқашан қамқор болатынын білеміз. Сол үшін алаңдамаймыз. Нұр-Сұлтанда өз үйім жоқ. Бірақ мемлекет басымызға баспана беріп, үймен қамтамасыз етіп отыр. Еңбекақымыз да жыл сайын белгілі бір пайызға өсіп келеді. Осы орайды пайдаланып барша әріптестерімді төл мерекесімен құттықтаймын!» дейді Талғат Айтжұман.

№72 (4196) 22/06/2021 Сейсенбі

АЛПЫСТАН КЕЙІН ДЕ ӨМІР БАР

НЕМЕСЕ ҚАРТАЮ – АДАМ ҒҰМЫРЫНЫҢ БІР САТЫСЫ ҒАНА

«ҚАРТАЙДЫҚ. ҚАЙҒЫ ОЙЛАЙМЫЗ БА?»

Бала кезде де, жастық шақта да көп адам өзін қартаймайтындай сезініп, ол жастың мәселелеріне терең үңіле қоймайтыны рас. Тек өз қатары зейнеткерлікке шыға бастағанда ғана «қыр астындағы» қарттық ауылына мойын созып «Қалай болар екен?» деген ой қылаң береді. Үлкендердің «Бала шақтағы суреттерімде ол кезде менің қазіргі жасымдағы атажәжем әлдеқайда кәрі көрінеді» деген сөздерінің астарында неге олай екенін түсінбеу де, қартая бастағанын мойындамау да, өзінің жақсы «сақталғанына» сүйсіну де бар. Мұндай «ерекшеліктің» сырын ғалымдар: қазір адамның өмір сүру жасы ұзарып, бұрынғы «қарттық жас» бүгінгі өлшеммен «орта жасқа» айналғандығымен түсіндіреді.

Сонымен бірге бұл өзгерістің екінші жағы да бар: өмір сүрудің ұзаруы әсерінен жер халқының қартаюы белең алуда. 2018 жылы тарихта алғаш рет планетадағы 65 жастан асқан адамдардың саны 5 жасқа дейінгі балалар санынан асып түсті. БҰҰ-ның 2019 жылғы қайта қаралған «Әлемдік демографиялық перспективалар есебінде» 2050 жылға қарай әлемдегі әрбір алтыншы адам 65-тен (16%) асатыны атап көрсетілген. Ал Еуропада бұл көрсеткіштің өсуі одан да тез: 2050 жылға қарай халықтың төрттен бір бөлігі «65 жастан асқандар» санатына жататын болады.

Бұл қартаюдың – қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі екенін, оны еңсеру үшін адамзат алдына ғаламдық мәні бар міндеттер қойылатынын білдіреді. Оның негізгісін БҰҰ Бас ассамблеясы Орнықты дамудың 17 мақсатының үшіншісі ретінде: «Кез келген жастағы барлық адамдар үшін салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және бақуатты болуға жәрдемдесу» деп тұжырымдады. Іле-шала ұйымға мүше барлық елдерде, соның ішінде бізде де, халықтың қартаюынан туындайтын мәселелерді тиісінше шешуге бағытталған құжаттар қабылданды.

Жаһандық үрдістің Қазақстанды айналып өтпесі белгілі және соған сәйкес қоғамға ауқымды міндет жүктеледі. Олар: қартайған адамдардың лайықты ғұмыр кешуі үшін жағдай жасау – кезінде өз басының мәселелерін ысырып қойып, қоғам мүддесі үшін тер төгіп, еңбек еткен жандардың денсаулығына қамқорлық таныту; оларды қоғамға пайда келтіруге тарту; бос уақытын жақсы өткізуді ұйымдастыру және тағы басқалар. Ал біздің елорданың зейнеткерлері ондай қамқорлықты сезінуде ме?

Сұраққа жауап іздеп, қалыптасқан әдет бойынша интернеткке жүгіндік: әлеуметтік желіде осыдан 2-3 жыл бұрынғы ақпараттар ғана жүр. Жаңасын іздеп, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің сайтын аштық. Ештеңе таппадық. Әкімнің халықпен кездесулерінде ақпарат бар шығар дегенбіз: атқарылған жұмыстар жөніндегі есептер бөлімі 2018 жылғы есеппен тұйықталыпты. «Қаладағы өмір» айдарында азаматтардың түрлі санатына бағдарланған жобалар бар екен, біз іздеген тақырыпта «Қарттар үйі» деген материал ғана тұрғаны көңілді құлазытты.

Бір жауапты қала әкімі А.Көлгіновтың инстаграм парақшасынан таптық. Осы жылдың ақпанында Алтай Сейдірұлы елорданың Есіл ауданында қарт адамдар бос уақытын өткізетін орталықты өзі барып ашып, енді онда келушілер спорт залдарында тегін жаттығулар жасай алатыны, үстел ойындарын ойнай алатыны туралы жазыпты. Компьютерлік кабинет пен акт залының болуын аға буын өкілдерінің зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін ұштауға қамқорлық деп түсіндік. Әкім таяу арада Өндіріс, Көктал, Ильинка, Железнодорожный тұрғын алаптарында салынып жатқан ірі дене шынықтыру-сауықтыру кешендері ардагерлерге арналған орталықтар санын көбейте түсетініне назар аударыпты.

Мұндай орталықтар зейнеткерлердің спортпен шұғылдануына ғана емес, өз қатарластарымен әңгіме-дүкен құруға, қарым-қатынас жасауға, яғни қалыпты өмір сүруіне көмектесетіні туралы жиі айтылады. Шындығында, тап сондай жұмыстар жүргізіліп жатса нұр үстіне нұр емес пе!? Жақсы жаңалықты нықтай түсу үшін қаламызда жасы ұлғайған азаматтарымен жұмыс істейтін қоғамдық бірлестіктерді, үкіметтік емес ұйымдарды іздестіре бастадық. Бірінші қоңырауды қалалық ардагерлер кеңесіне шалдық. «Сәлеметсіз бе?» дегенімізде ар жағындағы әйел дауысы «Говорите быстрее, у меня вторая линия» деді дегбірсізденіп.

Әрине, мен тез айта аламын. «Ал телефонды қимыл-қозғалысы да, сөзі де ширақтықтан алыстай бастаған ардагер шалса ше?» деген ой келді. Чеховтың «театр киімілгіштен басталады» деген сөзін әр салаға бұрып қолдануға болады. Яғни, қарт адамдармен жұмыс істейтін мекеме соларға бейімделуі керек деп ойлаймын.

Біз тілдескен әйел елордалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов мырзамен байланыстыра алмаймын деді. Мен ол кісіге хабарласып, шағын сұхбат алғымыз келетінін айтуды өтіндім. Келесі күні кеңсесіне іздеп бардық. Телефонмен сөйлескен кісі өтінішімізді «ұмытып» кетіпті, тоғаға да іс-шарада екен. Қабылдау бөлмесінде отыратын, басшының көмекшісі болып табылатын адам қазақ тілінде сөйлеуге ынғай танытпады, мемлекеттік тілде қойылған сұрақтарды орысшаға аударып айтқанда ғана жөнін айтып, басқа қызметкерлерге сілтеді.

С.Есіловтің орынбасары Дүйсенов Есболат Қасымұлы ағай кеңес жұмысы, өздеріне қарасты ардагерлер туралы біршама ақпарат берді. Басым бағыттарының бірі жалғызілікті, кейде тіпті қараусыз қалған қарттарға көмектесу, бұл іске еріктілерді жұмылдыру; әлеуметтік қамсыздандыру қызметімен бірлесе жұмыс істеу, соның ішінде «Қатаркөл» шипажайына баруларына көмектесу сияқты игі шараларды тілге тиек етті. Карантин енгізілгенге дейін ардагерлерге арналған орталықтарда шахмат, дойбы, нарды және тоғызқұмалақ ойнап, туған күндер мен мерекелерді атап өту дәстүрі қалыптасыпты. Келушілер мерзімді басылымдарды оқып, оларды театрларға, экскурсияларға, концерттерге тегін жіберу жолға қойылған екен.

Ел астанасында қызметі ардагерлермен жұмыс істеуге бағытталған салалық (әскери, азаматтық) қоғамдық бірлестіктер бар екенін де айта кетті. Солардың бірі 20 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келе жатқан, Баян Ахметжанова басқаратын «Ардагер» бірлестігі екенін өзіміз де білетін едік. Біраз уақыт бұрын жас кәсіпкер Азамат Өмірзақовтың қолдауымен Сарыарқа ауданында демалыс орталығы ашылғанын бірлестіктің жетістігі әрі қоғамның аға буынға жасаған қамқорлығы ретінде де қарастыруға болады.

Ашылған орталықтардың мекенжайлары, олар қалай жұмыс істеп жатқаны туралы сұрағымызға төрағаның орынбасары жаңадан ашылған орталықта да, қалада тұрғын-үй кешендерінің жертөлелерінде бұрын ашылған 56 шағын орталықта да қазіргі пандемияға байланысты жұмыс іркіліп тұрғанын айтты. «Қазір бұрынғыдай қартайып қайғы ойлайтын заман емес. Арамызда әр салада еңбек еткен қаншама мықты мамандар бар. Олар бар болғаны зейнеткерлік жасқа жетті, көбінің әлде де болса жұмыс істегісі келеді. Бізді жолын тауып, тарта алса, қоғамға пайдамызды келтірер едік» деді сөз соңында Есболат ағай.

«БЕЛСЕНДІ ҚАРТТЫҚ – МАҒЫНАЛЫ ӨМІРДІҢ КЕПІЛІ»

Ардагер сөзінің жаны бар. Күні кеше қайнаған еңбек алаңында жүрген жандар теледидар алдында көп отыра алмасы анық. Қазіргі 65-тен асқан адамдар – кеңес заманында туып, ел тәуелсіздігін

алған кезде нағыз орда бұзар, қамал алар жаста болғандар. Яғни, көбі – талай қиыншылықты бастан кешіріп, талай кедергілерді еңсерген, өмірлік мол тәжірибе жинап, ой түйген адамдар. Сондықтан олардың біліп, танып, түйгенін үйреткісі келуі де заңды. Бұл табиғи тілекті ескі өсиет кітаптардың бірі – Екклесиастың кітабындағы дана патша Сүлеймен айтты деген «Тастарды шашатын уақыт және тастарды жинайтын уақыт» («Время разбрасывать камни и время собирать камни») деген тәмсілмен де түсіндіруге болады. Кез келген қоғам зейнеткерлік деген ақыл-ой кемелденген жасқа жеткендердің бойындағы осындай ерекшелікті жақсы арнаға бұрса, екі жаққа да пайдалы болар еді. Бұл Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бекіткен Аға буын азаматтарының жағдайын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі «Белсенді ұзақ өмір сүру» іс-шаралар жоспарында да ескерілген. Құжатта қарт адамдардың тек әлеуметтік қамтамасыз етілуіне ғана емес, сонымен қатар зияткерлік және өндірістік тәжірибе иесі, қоғам дамуының белсенді қатысушылары ретінде сұранысқа ие болуына бағытталған шаралар қарастырылған. Мұның көпшілік көкейіндегі мәселе екеніне тағы бірер мысал келтіре кетейік.

Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес «Ұзақ белсенді ғұмыр» жол картасын талқылау мақсатында Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты өткізген дөңгелек үстелде «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының құрылтайшысы Ботагөз Рақышева басқа елдердегі аға буын өкілдерін қоғам өміріне араластырудың оң тәжірибелерін мысалға келтірді. «Оңтүстік Кореяда қарттар мен балалар үйлері біріктірілген. Бұл өз тәжірибесін балаларға беріп, сол үшін жалақы алатын қарт адамдарды әлеуметтендіру мәселелерін шешуге мүмкіндік берді. Қазір бұл тәжірибе кең қанат жаюда» деді сарапшы.

Осыдан бір ай бұрын ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен өткен елдегі қарт адамдардың жағдайы мен қажеттіліктерін, белсенді ұзақ өмір сүру индексін зерттеу нәтижелерін талқылауға арналған дөңгелек үстелдің күн тәртібі осы мәселеге арналды. Қатысушылар аға буын өкілдері қоғам қызметінің саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларына белсенді қатысуы үшін жағдай жасауға бағытталған маңызды міндеттер мен мақсаттарды талқылап, ұсынымдар жасады.

Өкінішке қарай, қарт адамдарды тек әлеуметтік көмекке мұқтаж деп қарау – қоғамдық санада кең таралған ұғымдардың бірі. Біз зейнеткерлердің белсенділігін дамыту мен сақтаудың жасампаз жолы – олармен тең дәрежелі қарым-қатынаста болу екенін ұмытып кетеміз. Оларға шипажайға жолдама әперу, бөлек тұрса, үйін жинауға көмек көрсету, асын дайындап беруді өз миссиясы орындалғаны деп қарайтын түсінік осылардың бәрінен әлдеқайда маңызды нәрсені ұмыттырып жібергендей – ол адамның өзін отбасына, қоғамға қажет екенін сезінуі. Адамға қажет екенін сезіну кез келген дәрі-дәрмектен жақсырақ әсер етеді.

Әртүрлі жастағы адамдардың арасындағы ойлау, әрекет ету, шешім қабылдау айырмашылықтары да қазіргі жастардың аға буын өкілдерін түсіну кедергі келтіреді. Үлкендер туралы пікірлерін сұрағанымызда «көп нәрсеге көңілі толмайды» дегенді естідік. Біздің ойымызша, олардың бойында көңіл толмаушылықтың, тіпті, пессимистік, скептикалық көзқарастың пайда болуының себептері бар. Қарттардың өзін қажетсіз сезінуі де, зейнеткерлер әлеуетін пайдалануға бейімсіздік те, оларға қоғамның тең дәрежелі мүшесі ретінде белсенді өмір сүру жағдайдың жасалмауы да – солардың қатарында. Бізде құрылған орталықтарды осы мәселелерді ішінара шешіп, қарттардың отбасына да, қоғамға да салмағын салмайтын белсенді өмірін ұзартудың бір тетігі ретінде қарастыруға болады.

Реті келгенде індеттің үлкендер өмірінің ойлау жүйесіне де, тыныс-тіршілігіне де әсер еткенін айта кетуіміз керек. Өзіміз тіркелген Президент Іс басқармасына қарасты емхананың учаскелік дәрігері А.Ысқақова үлкен адамдардың бірқатары «Басқа салды, біз көндік» деп үйде отырып қалуының келеңсіз салдары болғанын айтты. Қарым-қатынас жасау шектеліп, жағымды эмоциялық сезімдер алудың азаюы, оған қоса белсенді қимыл-қозғалыстың кемуі денсаулықтың сыр беруіне әкеп соққан. Ал күнделікті сейіл құрып, саябақтарды аралап, жеңіл-желпі жаттығу жасап жүргендердің көбісі денсаулықтарына шағым жасай қоймаған.

Мұның түпкі себептерін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректерінен көре аламыз: физикалық белсенді өмір сүретін егде жастағы адамдарда қимыл-қозғалысы аз құрдастарына қарағанда жүрек-тамыр, тыныс алу және бұлшық ет жүйелерінің функционалды деңгейі жоғары болады екен. Олардың сүйек жүйесі де мықты, салмағы да жақсы денсаулыққа лайық болады, белсенді жаттығулар есте сақтау, ойлау, зейін және басқа да танымдық функцияларды жақсартады. Осындай белсенді қарт адамдар арасында жүректің ишемиялық ауруы, жоғары қан қысымы, инсульт, екінші типті қант диабеті, тоқ ішек және сүт безі қатерлі ісігі ауруынан болатын өлім-жітім деңгейі әлдеқайда төмен екендігі де сонда айтылған.

Негізі, ондай адамдар баршылық. Таңертеңгілік «Ботаникалық бақта» кездесетін кейде жұп-жұп болып, кейде жалғыз «скандинавиялық» таяқтарын тықылдатып кетіп бара жатқан; жаттығулар жасап жүрген; «воркаут» алаңшадағы құрылғыларда түрлі қимыл-қозғалыс жасап жатқан; кішкентай көлдің жағасында тыныстап отырған кісілерді іштей белсенді қарттар қатарына жатқызамын. Бастапқыда жұстаныс болып, кейіннен бас изесіп амандасатын болған кейбір аға-апалармен ара-тұра сөйлесудің реті келеді. Шындығында да олар – белсенді кісілер екен: іштерінде зейнеткерлікке шыққандарына бірнеше жыл болса да жұмыс істеп жүргендер көбірек. Және де олар қолынан іс келетін, ұжым жұмысының алға басуына үлес қоса алатын, жастарға айтары, үйретері бар адамды зейнет жасына жеттің екен деп жұмыстан шығарып жібермейді деседі.

Әңгіме барысында Қайсар Әлім ағамыз айтқан: «Қарттарға арнап, жиі-жиі іс-шаралар өткізілмесе де, жалпы біздің халықтың менталитетінде үлкендерді құрметтеу, оларға қамқорлық жасау қашанда болған. Бірақ маңыздысы, ең алдымен аға буын өкілдері өздерін өздері құрметтей білуі, жақсы көруі керек. Зейнетке жеттім екен деп, отбасыңның, ортаңның алдында өз-өзінді тастап жіберуге болмайды» деген пікір есте қалды.

«ҚАЗАҚША ҚАРТТЫҚ»

Тағы бірде спорттық киім киіп жүргендердің ішінде қазақы көйлек-қамзолы өзіне жарасып, орамал салған апай көзге ерекше көрінді. Қасына барып, сәлем бердім. Құрманкүл есімді апамыздың Қызылордадан көшіп келгеніне 11 жыл болыпты, жасы биыл 75-те екен. Осы бақта сейілдеуді ұнатады. Бұрын байқамағанымды айтсам, «Күнде балаларды жұмысқа шығарып салып, 9-дан өте келетінмін, енді ол кезде күн ысып кететін болған соң кешелі бері сәл ертерек шығатын болдым» дейді. Сұқбат алатын менен гөрі әңгімелесетін адам тапқанына апам қаттырақ қуанған сияқты.

«Жасың ұлғайғанда басқа жерге қоныс аудару қиын екен. Балалар үшін келдім. Бәрі жұмыстарына асығып-үсігіп кетеді, үйін қарап қаламын. Кешке тамақтарын істеп қоямын. Бір аулада 3-4 кемпір араласушы едік, қазір олар да жаңа үй алып көшіп кетті, әрі мына аурудан да сескенем. Сосын осылай қыдыратын болдым» деп ақтарылды. Менің қарттық туралы сұрағыма апамыз: «Әдетте, зейнет жасына жеткеннен кейін үлкендер: «Мен енді қайда барады дейсің?» деген ойға кетіп, өзіне көптеген тыйым, әсіресе, киім-кешек алуда шектеулер қоя бастайды. Осы кезде балаларының қолдауы, сенің бұрынғыдай қадірлі, керек екендігіңе сендіре білуі аса қажет» деді.

«Бейнетіңнің зейнетін көр» дегенді біздің халық «қартайғанда ештеңеге мұқтаж болмай, ұрпағыңның қызығын көріп өмір сүр» деп қабылдайды. Сондықтан да болар, зейнет жасына жеткендердің басты міндеті – немере бағу деген ұғым мықтап орныққан сияқты. Осы мақаланы жазу барысында әңгімелескен адамдарым сол ойымды растай түсті. Көпке ортақ басым картина мынадай: «Балалар жұмыста, немерелерді бақшасына, мектебіне апарып, әкеледі. Неше түрлі үйірмелері, қосымша сабақтары тағы бар. Атасы ертеден қара кешке дейін соларды тасиды. Мен тамақтарын беріп, сабақтарын бірге оқимын. Кешке сүрініп-жығыламыз».

Балаларға көмектескен жақсы, әрине. Бірақ, отбасылы балаларының өміріне тым белсенді араласу, олардың әке-шеше ретіндегі сезімдерінің оянуына, өз міндеттерін терең сезінуіне кедергі келтіретінін біле бермейтіндер бар.

«Әсіре белсенді ата-әжелерге құлаққағыс жасау керек екен» деп ойладым.

«КӘРІЛІК, КЕЛІП ҚАЛДЫҢ ҚАЙ ЖАҒЫМНАН?..»

Бір нәрсе анық – қазіргі зейнеткерлер үшін құрметті демалысқа шығу осы өлеңдегідей, ойламаған жерден келетін кәрілік емес. Бұл кезді күтіп, жоспар құрып жүретіндер де, асыға қоймайтындар да бар. Уақытылы бір жерге барып, өз міндеттерін орындап, үйге сүріне-жығыла жету режиміне үйренгендер бастапқыда «батпан құйрық» бос уақытта не істеймін деп уайымдайтыны да рас. Бірақ ол – уақытша сезім. Келе-келе, әсіресе кезінде белсенді қызмет еткендер, зейнет жасына тән жұмыстар, міндеттер иіріміне түсіп, мұршасы болмайтынын көріп жүрміз.

Таңертеңгілік серуенде кездесетін адамдармен әңгімелесу барысында адам жас кезінде қаншалықты белсенді болса, «жақсы жаста» да сол екпінін сақтайтынын ұқтым. Оқырманға ой салар деп, аға-апалардан «жақсы жаста» белсенді өмір сүруді қашан және неден бастағандарын бөлісуді өтіндім. (Олардың ішінде бұрынғы депутаттар да, әкімдер де, ұстаздар мен өнер майталмандары да, атақонысқа оралған қандасымыз да бар. Өтінішіме келісе отырып, олар «Аты-жөнімізді айтпай-ақ қойыңыз» десті. Мен уәде бердім).

• «Жас кезімізде жұмысбасты болдық. Ерінген де шығармыз, әйтеуір спортпен айналысуға уақыт болмады. Зейнетке шыққаннан кейін ептеп қолға ала бастадым».

• «Кішкентайымнан жанжануарларды жақсы көретінмін. Ұстауға әке-шешем рұқсат етпеді. Қазір үйімде тотықұс, балық, тасбақа, мысық пен ит бар. Немерелерім үшін шағын хайуанаттар бағын ашқым келеді».

• «Менің өз «спортым» бар: қыста ауладағы қарды күреу, жазда өсіп тұрған гүлдер мен ағаштарды суару. Алғашында аула тазалайтын адам қиғаш қарап жүрген. Мен: «ақшаңа таласпаймын, үйде жата бермеу үшін істеп жүрмін» дегенімде қуанып қалды».

• «Қартаю биологиясы бойынша Нир Барзилай деген әйгілі ғалым бар. Сол: «Өзіңізді күн сайын 30-40 минут серуендеуге үйретіңіз, бұл жастықты сақтауға қосылған маңызды үлестің бірі болады» депті.

• «Ес білгелі билегенді ұнататынмын, жұмыс, бала-шаға... деп жүріп, еш мүмкіндік болмады. Жасым 60-тан асқанда би үйірмесіне жазылдым»...

• «Зейнетке шыққан соң жеке үйдің іргетасын қаладым. Балаларым ұл-қыздарын ертіп келуге асығып тұратын қарашаңырақ болуы керек қой».

• «Ағаң жалқау болатын. Былтыр жүрегі қысылып, алқынып ауыра берді. Дәрігердің «денеңізді май басып кетсе, жағдайыңыз мүлде нашарлайды» дегені жақсы болды. Жан керек екен, жүгіре жөнелді ғой...»

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Әлем тынысын тарылтқан COVID-19 адамзатты «індетке дейін» және «індет жағдайында» өмір сүруге бейімдеді. Қазір бастапқыда абдырап, тоқтап қалған жұмыстар қайта жандана бастады. Біз зерделеген салада да жағдай осындай. Біртіндеп игі бастамалар қолға алынуда, бірақ екпіні әзір қарқынды емес. Қарт адамдардың салауатты өмір сүруіне байланысты кейбір құжаттар мен бағдарламалардың соңғы екі жылда қабылдануы да көңілге үміт сыйлап, қоғамды бұл мәселе толғандырады, «65-тен асқандар» ұмыт болған жоқ деген ой түюге жетелейді.

Бүгінгі жастар да – бұрынғы біздер сияқты: қартаямын деп көп ойлай қоймайды. Бірақ, бізден бір артықшылығы – олар тәуелсіз дәуірде өсті, ел көріп, жер көріп, ол жақтарда қалыптасқан жұмыс тәжірибелерін үйрену мүмкіндігіне ие болды. Қолдан келгенше соларды іске асырып та жүр: қазір барлық ірі тұрғын үй кешендерінің аулаларында орнатылған «воркаут» алаңшалар, «Ересек еріктілер», «Күміс самайлы көмекшілер» қозғалыстары – соның мысалдары. Енді оларға қоса барлық елдер батыл кірісіп кеткен қарттардың мағыналы өмір сүруі көзделген шараларды қолға алса, нұр үстіне нұр болар еді. Бұл ретте ардагерлерге қамқорлық жасаудың басты мақсаты – «жақсы жас» өкілдері өздерінің отбасы, жұмыс және жалпы қоғам үшін маңызды тұлға екенін сезінуі екені ұмыт болмауы керек.

Экономист ғалымдар белсенді өмір сүру үшін жасалған жағдайлар мен денсаулықты сақтау қосымша шығындарды азайтатынын және әртүрлі жастағы адамдарға қаржылық тұрақтылықты қалыптастыруға мүмкіндік беретінін атап көрсетеді. Сондықтан да біз қатарында болуға ұмтылып отырған елдерде жастардың қарттармен қарым-қатынасын ынталандыру, мүмкін болса, ақылы жұмысқа, әйтпесе еріктілікке, әлеуметтік маңызы бар жұмысқа тарту мемлекет үшін де пайдалы екендігі – дәлелдеуді талап етпейтін аксиомаға айналғаны қашан. Оны да үйренуіміз керек.

Камал ӘЛПЕЙІСОВА,
жазушы, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның сарапшысы

АБАЙДЫ АБАЙ ЕТКЕН МҰХТАР ҒАНА, МҰХТАРДЫ МҰХТАР ЕТКЕН АБАЙ ДАНА...

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев пен заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов арасындағы байланыс қазақ әдебиетінде ерекше орын алатыны сөзсіз. Абайдың Мұхтар өміріне берген тәлімі, Мұхтардың Абайды бүкіл халықтың танып-білуіне қосқан үлесі екі бөлек әңгіме. Мұхтар Әуезов Абайдың тағдырын, шығармашылығын зерттеуде өмірінің көп бөлігін жұмсады. Тіпті ұлы тұлғаға арнап жазған еңбектері аз емес. Ал дәл сол еңбектерінде Абай бейнесін, іс-әрекетін, ой тереңдігін жазушы онымен бетпе-бет көріскендей шебер бейнелейді.

Абай да, Мұхтар да – екі бөлек ғасыр тұлғалары. Алайда қалайша ол Абайдың бар өмірін соншалықты ғажап жинақтап жеткізе алды? Бұл жазушы шеберлігі ме? Әрине, жазушы шеберлігі де зор септігін тигізді. Ал осының барлығы үшін Мұхтар Әуезовтің атқарған жұмысы – мүлде бөлек әңгіме. Әуезов жасы ұлғайған Абайды бес жастағы кезінде бір ғана көріп, ол кезде оның кім екендігін біліп, түсіне алмаса да, кейінірек сол ортада, Абайды көрген, білген, өлеңдерін естіген, сөздеріне әбден қанық адамдардың ортасында өсіп, ер жетті.

Мұхтар Әуезовтің Абайдың өлеңдерін, қалдырған өнегесін осындай ортада жүріп қабылдап, жасынан көңіліне құйып өскені, олардың арасында рухани жалғастық тууына жағдай жасағанын толық ескеру қажет. Өзгені былай қойғанда, «Абай жолы» роман-эпопеясында Абай заманы, дәуірі, халықтың тағдыры аса мол, терең бейнеленетінін ескерсек, осы мәселелерге Абайдың көзқарасы Мұхтар Әуезовтің көзқарасы, ұғым-түсініктері арасындағы үндестіктер бар екені анық аңғарылады. «Абай жолы» роман-эпопеясы үлкен ізденісті қажет еткені сөзсіз. Абайдың әдебиеттегі орнын тұңғыш рет бағалап, ақынның әдеби мұрасы туралы құнды деректер берген Кәкітай Құнанбайұлы мен Әлихан Бөкейханов мақалаларына қоса, Ахмет Байтұрсыновтың және Міржақып Дулатовтың құнды пікірлері ұлы ақын шығармашылығын дұрыс танып-бағалауға жол ашқанын, мұның абайтану ғылымына тірек боларлық алғашқы қадамдар екенін айтуымыз керек. Абайтануды дербес ғылым дәрежесіне көтерген Мұхтар Әуезов болды. Оның Абай жөніндегі зерттеулері осы ғылым саласының мызғымас негізі болып табылады. Абай шығармаларының 1933 жылғы жинағын баспаға дайындау барысында Мұхтар Әуезов ақынның жас кезінде шығарған, ел арасында ауызша айтылып жүрген бір топ өлеңдерін жазып алып, сол жинаққа енгізді, «Әзім» поэмасы да алғаш осы жинақта жарық көрді. Мұхтар Әуезов осы кезден бастап 1957 жылға дейін ақын шығармаларын жариялауда, олардың ғылыми басылымын жасауда орасан зор еңбек етті. 1957 жылы «Ғылым» баспасында жарық көрген, Әуезовтің басшылығымен және тікелей қатысуымен дайындалған Абай шығармаларының екі томдық толық жинағының абайтану ғылымындағы елеулі табыс болғанын атап айту қажет. Өйткені сол жылғы жинаққа Мұхтар Әуезов жай әншейін сыртта жүріп редактор бола салмады, текстологиялық жұмыстың барысында қолжазбалар мен бұрынғы басылымдар салыстырылып тексерілгенде, алты ай бойы үзбей басы-қасында болды. Мұхтар Әуезов Академияға, өзі қызмет еткен сол кездегі Тіл және әдебиет институтына бейсенбі сайын таңертеңгі 9-да келіп жүрді.

Мұхтар Әуезов «Абай жолын» оңай жаза салған жоқ. Талай мұрағат ақтарылды, қаншама адамдармен әңгімелесті. Қаншама тер төгілді, небір ұйқысыз түндер өтті. Роман жарық көргеннен кейін де қайта-қайта қудаланды. Бірақ жазушы еш мойымады. Оны мойытпаған Абайға, Абай әлеміне деген махаббат еді. Халық Абай мен Әуезов атын қатар айтады. Әуезов әлемге Абайды таныту арқылы өзін де танытты.

Дариға ДАРЫН,
№ 22 мектеп-лицейдің 11-сынып оқушысы

№72 (4196) 22/06/2021 Сейсенбі

ЗАҢ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕЙТІН ЗАМАН ТУСА...

Тәуелсіз елдің заңдары алдымен ана тілінде жазылып, сосын өзге тілге аударылуы керек. Өкінішке қарай, қазақ тілі «калькаланған» аудармашы тіл қызметінен көтеріле алмай босағада жүр. Халықтар достығынан бұрын ұлттық идеология насихатталса, тәуелсіздіктің мәні тереңдей түсер еді. Осындай қиюы келмей жатқан күйбең тірлікте адамдар жанына жылулық сыйласам деп жүрген бір жан бар. Ол – тұңғыш қазақ тілінде жазылған «Халықтың көші-қоны туралы» Заңы мен 30-ға жуық кітаптың авторы, ҚР Парламенті Мәжілісі 1-шақырылымының депутаты, жазушы-журналист Әкім ЫСҚАҚ. Кейіпкерімізбен сұхбатта бүгінгі қоғамның жетістіктері де, жазылмай жатқан жан жарасы да қамтылды.

– Елімізде тұңғыш рет қазақ тілінде өзіңіз жазған көші-қон туралы заңның арқасында алыс және жақын шетелдерден 300 мыңға жуық отбасы, яғни 1 миллионнан аса қандасымыз атамекенге оралды. Жалпы бізде заң жазу ісі өз деңгейінде бағалана ма?

– «Заң – мемлекеттің тоғыз қабат, тор көзді сауыты» деген екен Шерхан Мұртаза ағамыз. Шындығында заң дегеніміз не? Ол – жалпыға бірдей міндетті ережелер, мемлекеттік биліктің жоғары өкілетті органы қабылдаған нормативтік акт. Заңға қарама-қайшы келетін кез келген акт қабылдана бермейді. Оны қабылдаудың да айрықша өзіндік тәртібі бар. Қазақстан Республикасы Конституцияның 61-бабының 1-тармақшасында көрсетілгендей, «Заң шығару бастамасы құқығы Республика Президентіне, Парламент депутаттарына, Үкіметке тиесілі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады». Біздің елде, негізінен, бұл жұмысты Үкімет атқарады. Мәжіліске заң жобаларын енгізу туралы шешімді Парламент депутаттары тиісті ұсыныспен рәсімдейді. Үкімет заң жобаларын енгізу туралы шешімге тиісті қаулы шығару арқылы қатысады. Мәселен, көптеген басқа мемлекеттерден айырмашылығы, АҚШ-та федералды деңгейде заң шығару бастамасы Конгрестен бастау алады. Яғни, мұндай құрметке тек Конгресс мүшелері ғана ие. Президенттің өзі тікелей заң шығару құқығына ие емес. Оларда заңдағы бір бапқа түзету енгізсе болды, соның өзін «Пәленшенің түзетуі» деп бүкіл мемлекетке жария етіп, соған кәдімгідей үлкен мән береді, құрмет көрсетеді және сол адамның атымен қоса атайды.

Алғаш қазақ тіліндегі заң Қазақстанға «атамекенім» деп Отанына оралған қандастарымызды қорғау мақсатында жазылды. Тұңғыш рет қос палаталы боп құрылған Парламентте Үкіметке баламалы негізде ұсынылды, бұл жерде мемлекет қауіпсіздігі мен ұлт намысына терең мән беру көзделді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы жеке депутаттың алғашқы заң шығару бастамасы да және оның қабылдануы да оңайға соққан жоқ. Өте қызу талқылауға ұсынылып, бір жылға жуық уақыт кетті.

КЕРЕҒАРЛЫҚ ҚАШАН ЖОЙЫЛАДЫ?

Қазір елімізде әлі күнге қазақ тілінде заң дайындалып жатқан жоқ. Заң жобасы Үкіметте орыс тілінде жазылады, барлық келісімдер де ресми тілде өтеді, сосын қазақшаға аударылады. Бұл тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын қарсы алып жатқан мемлекетіміздің бір трагедиясы дер едім. Себебі егемен елде заң да тәуелсіз мемлекеттің тілінде сөйлеуі керек. Заң өзінің мемлекеттік тілінде жазылмаса, оны қалай мемлекеттік заң деп айта аламыз? Ешбір елде мұндай кереғарлық сақталмаған. Қандай сәтте де жүгінетініміз Атазаңымыз болса, оның 7-бабының 1-тармақшасында-ақ «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп айқын жазылса да, бұл бап еш орындалмай келеді. Үкімет те, депутаттар да заң шығару ісін мемлекеттік тілде жазылуын осылай қолға алмай немқұрайлы көзқарас таныта берсе, ұлтымыздың тілінен айырылып қалуымыз әбден мүмкін. Шын мәнінде, Атазаңымыз орындалсын десек, осы 7-баптың 2-тармақшасындағы: «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген жазуды алып тастауымыз керек! Мемлекеттік тілде заң жазғандарды, заңға мемлекеттік тілде толықтырулар мен өзгерістер енгізгендерді қолдау ауадай қажет деп білемін. Халық қалаулысы бастама көтеріп, ол заң жобасы қабылданған жағдайда сыйақылар тағайындалса немесе сол депутаттың атымен аталса, бұл да ана тілімізді қолдаудың бір көрінісі болар еді. Барлық саладағы мемлекеттік қызметкерлерді де мемлекеттік тілде анықтамалар, қызметтік жазбаларды қазақ тілінде жазатындарға сыйақылар беріліп тұрса, бұл іс алға жылжитын еді.

– Ұстаздар әулетінен бастау алған өнегелі жолыңыз қоғамдық өмірде келелі мәселелер шешуге ұласты. Сізді қазір не толғандырады?

– Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» деген сөзін жас кезімізден оқып өстік. Атамыз да, әкеміз де кез келген мұғалімнің ұстаз болуы үшін ізденуі, тер төгуімен бірге үлкен жүрегі болуы керектігін ұқтыратын. Сондықтан да біздің түсінігімізше, ол – өз білгенін үйретуден жалықпайтын, қандай жағдайда да сабырлы кейпін сақтай алатын, шәкіртіне өмірлік азық болатын ізгілік пен білім нәрін егуші. Шынымды айтсам, ұстаздар әулетінен шыққанымды мақтан тұтамын.

Бірақ мені сол педагогтардың жағдайы толғандырады. Ұлағатты мамандық иесіне деген құрмет мемлекет тарапынан өте жоғары болу керек. Кәсіби дамуына және бәсекеге қабілеттігін арттыруға, ар-намысы мен қасиетін қорғауға мүмкіндік жасалып жатыр ма? «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды, әйтсе де, орындалу жағы сол бұрынғы деңгейде қалып отыр. Өткен ғасырдың 50-60-70 жылдарындағы мұғалім мәртебесіне қайта көтеріле алмауына не себеп? Бала мұғалімін сыйлайтын, ата-ана үшін ұстаздың сөзі заң болатын дәуір келмеске кеткендей. Оның үстіне барлық жерде педагогтарға артылатын жүктеме өте көп. Әлі күнге дейін қоғамдық жұмыстарға тек мұғалімдерді жегеді. Бұл дұрыс емес! Олар қайда бар десе, сонда жүгіре беретін қоғамның қол баласы болмауы тиіс.

ТІЛ ҮШІН КҮРЕС – ҰЛТ ҮШІН КҮРЕС

– Тіл мәселесіне қатысты не айтасыз? Ұлт жанашыры ретінде ана тіліміздің болашағын қалай бағамдайсыз?

– Өз тілі мен мәдениеті жоқ ел тәуелсіз мемлекет бола алмайды. Тілі, өзіндік дәстүрі сақталған, ұлттық идеологиясы бар ел ғана қуатты. Тіл – ұлттың жаны. Тілін құрту арқылы ұлтты жойып жіберуге болады. Сондықтан да тіл үшін күресу – өз ұлтың үшін күресу деп білемін. Өзім сонау Кеңес өкіметінің қылышынан қаны тамып тұрған кездің өзінде тіл туралы мәселелерді көп көтеріппін. Одан кейін де бірінші шақырылым депутаты ретінде ана тілінің мүшкіл халін жиындарда талай рет айттым да, айтып та келемін де, айтып өтемін де! Шетелдің бірінде Кеңес Одағы кезінде Қазақстаннан өнер адамы барғанын естіп, атамекенін аңсап жүрген бір топ қандастарымыз «алақайлап» алыс жолды елемей, 500 шақырымнан арнайы сәлем беруге жеткен. Ондағысы – өз ана тілінде сөйлесіп, шер тарқатып, пікірлесу. Концерт аяқталғанын күтіп, ағайыным деп, гүл шоқтарын, сыйлықтарын ұсынып, құшаққа алып, мәз болған. Сөйтсе, әлгі Еуропа өнерін меңгерген жан: «Я по казахский не понимаю» деп жерге қаратыпты.

Қарап отырсаңыз, қазақ тіліндегі балабақшаға баратын сәби де, қазақ тілінде оқитын бала да тек өзге тілде сөйлейді. Берілген сабақтан кейінгі уақытта тек орысша шүлдірлейді. Әрине, бұған ата-ана да, ұстаз да, қоғам да кінәлі. Себебі талап жоқ, қадағалау жоқ. Бірінші сыныптан бастап қазақша оқыған бала кітапханаға келіп: «Орыс тілінде оқитын көркем әдебиет бар ма?» деп сұрады. Кітапханашы: «Неге қазақ тілінде оқымайсың?» десе, баланың жауабы: «Қазақша оқысам түсінбеймін» болды. Бұл – айналаның әсері, бұл «көгілдір жәшіктің», ұялы телефонның әсері. Неге қазақ тілі бейшара тілдің халін кешуде? Бұл – 30 жылдан бері мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мемлекеттік деңгейде шешілмегеннің әсері. Айналаға қараңызшы, дүкенге, емханаға, кафеге, фитнес клубқа барғандар қазақ болып тұрса да, қазақ тілінде сөйлесу қалып барады. Тіпті, орысша білмейтін адамдар да қояр сұрағын қиналып, сол тілде қояды. Қоғамдық жер тек ресми тілде сөйлеуге құмар. Тіпті қазір асқынып кеткені сонша кейбіріне: «Қазақша сөйлесейші» десең, өзіңе қатты сөздер айтып, біраз лекция «оқып» тастайды. Ондайларға мемлекеттің, ұлттың мәселесін айтсаң да түсінуі қиын.

Тіл – ұлттың рухы. Тілі жоғалған ұлттар өте көп. Оташылардың алғашқы міндеті – жергілікті ұлттың тілін жою. Америкалықтар жерін жаулап алған соң жергілікті үндістерге ағылшын тілін білуді міндеттеді. Үндістер тілі мектепте де, балабақшада да оқытылмады. Соның салдарынан өз тілдерін ұмытып, бәрі ағылшынша сөйледі. Мәселен, Солтүстік Америка тайпаларындағы 176 тілдің бүгінде 52-сі ғана сақталыпты. Қазіргі таңда 120 тіл жойылу алдында деген ақпарат бар. Әр екі апта сайын бір тіл өледі екен. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық газеттерге берген сұқбатында «Қазақтың тілі – қазақтың жаны. Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. Осы тұрғыда балабақшаларда, мектептерде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруді басты назарда ұстау қажет» дегені өте орынды айтылған, оған толығымен қосыламын. Осыған орай айтатыным, елімізде теледидар бағдарламасын түгелдей қазақ тіліне көшіру керек және әйтеуір көрермен жинау үшін арзан дүниелер емес, отанға патриоттық сезіммен қарайтын хабарларды көбейту керек, сондай-ақ «Жарнама» туралы заңға да өзгерту енгізіп, жарнама тілін мемлекеттік тілге көшірмесе болмайды. Меншікті міндет етіп, өзге тілдердегі қаптап кеткен көшедегі түсініксіз, қисынсыз атаулардан арылу керек! Бұл тілді, ұлтты сақтау үшін керек!

ӘР ҰЛТҚА ӨЗ КИІМІ ЖАРАСАДЫ

– Ұлттық киім туралы пікіріңіз қандай?

– Ұлттық киім де – біздің мәдениетіміз, салт-дәстүріміз. Оны да арымыздай құрметтей білуіміз керек. Бір кездері, кеңестер заманында қазақтың ұлттық киімдерін «әртіс көйлек» деп атап кеткен шақтарды да бастан өткердік емес пе? Бұл – күнделікті өмірде емес, тек сахнада ғана көргендіктен. Ал ұлттық киім әрбір адамға жарасатыны анық. Шындығында тақия, бөрік, камзол киіп жүргендерді көрсек сүйсіне түсесің. Бұл да өз ұлтыңды құрметтеудің алғашқы белгісі дер едім. Шапанның қадірін әбден түсіріп алдық. Оны киім ретінде емес, тек өзгеге сыйлайтын арзанқол дүниеге айналдырғандаймыз. Ешкім сол шапанды кимейді, оны да міндетті түрде өзгеге тарту етеді. Қолдан қолға өтетін кезекші зат ретінде қарайтын болдық. Өткенде бір кісі «осыдан екі жыл бұрын сыйлаған шапаным, екі жылдан кейін өзіме қайта айналып келді» деп күлгені бар, өзінің қойған белгісіне қарап.

Меніңше, ұлттық идеология дегенде де жазғы, күзгі, қысқы ұлттық киімдердің жобасын жасау керек шығар. Қай ұлтқа да өз киімі жарасымдылық табады. Ұлттық дүниеге бізде немқұрайдылық басым. Мәселен, қай бір жылдары «Қара жорға» биі жақсы қолға алынып еді. Тек науқандық сипат алып, қалып қойды. Егер қазақпын десең тіліңді, діліңді, ұлттық қасиетіңді құрметте!

– Қазір ұлттық идеология тұрғысында кереғар пікір көп. Бізді алға жетелейтін, дамуымызға ықпал ететін қандай идеология керек деп ойлайсыз?

– Қайталап айтамын, бізде ұлттық идеологияны қайта қарау керек. Адамды құрметтеу, ата-бабаларымыздың елді қорғаудағы жанкештілігі, отанына деген сүйіспеншілігін, Абайдың, әл-Фарабидің, Ақтамбердінің, Бұхар жыраудың, Бауыржан Момышұлы сияқты тұлғаларымыздың өнегелі жолы жоғары дәрежеде насихатталса деймін. Шынында, халықтар достығы деген жалған ұраннан гөрі ұлттық дүниелер бәрінен биік тұрғаны жөн. Теледидар арқылы да ұлттың рухын көтеретін дүниелер көбірек берілсе дейсің. Бұл тұрғыда «Балапан» арнасы тұрақты көретін бүлдіршіндерге нағыз тәрбие мектебі болуда. Ал үлкендер жағы тамашалайтын арналарымыз ток-шоудан әрі аса алмауда. Бұрын «Қымызхана», «Алтыбақан» деген хабарларды қалай қызығып көретін едік.

ЖАСТАРҒА ЖІГЕР БЕРСЕК

– Сіз жастардың ортасында, рухани кездесулерде көп жүресіз. Олардың бойында нендей кемшіліктері немесе қандай артықшылықтары бар?

– Иә, мен әсіресе, ойлы жастардың ортасында көп боламын. Маған бүгінгі дәуір жастарының бойындағы ерекше ұнайтын қасиет – олардың ішімдікке үйір еместігі. Соған қатты қуанамын. Бұған қоса имандылық, үлкенді сыйлау, ұлтты сүю, ұлтқа қызмет ету қасиеттері де насихатталса. Бәлкім, мектептерде, колледждерде, университеттерде «ұлтты сүю» атты пән енгізу керек болар. Мәселен, Түркістан облысының Ордабасы ауданында барлық білім беру орындарында сәрсенбі күні домбыра күні деп жариялап қойған. Сол күні ұлттық әндер айтылып, күйлер ойнатылады, домбыра пати жасайды. Ұлттық дәстүрді, өнерді насихаттаудың – бүгінгі ұрпаққа тәрбие көзі екені анық.

– «Алтыным» айдарымен немесе ұранымен сіздің әлеуметтік желідегі жазбаларыңыз күйзелген, көңіл күйі түскен жандардың өміріне нұрын шашып, сөзбен кәдімгідей қолдау болады. Жалпы сөз құдіреті дегенге қатты мән бересіз. Сөз адамның өміріне тікелей әсер етеді дейді. Сіздің сөзіңіз арқылы күйзелістен шыққан адамдар болды ма?

– Қазір біз ашық қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Осыдан 13 жыл бұрын ең алғаш қанатты сөздерімді есімнен шығарып алмай, сақтау мақсатында әлеуметтік желідегі парақшама жазып қойдым. Бірақ оны сол күйі ұмытып кетіппін. Он шақты күннен кейін 3-4 адам хабарласты. «Мынауыңыз дұрыс емес, балаға кәмпит көрсетіп, оны бермей қойғандай әрекет еттіңіз. Неге әрі қарай жалғастырып, тағы сондай сөздерді салмайсыз?» деді олар. Жылы сөздің әсері қашан да ерекше. Адамдар әр жазғаныңды тіке өзіне айтқандай қабылдайды. Мына оқиға жадымда, мектептің «алтын белгіден» үміт еткен түлегі ҰБТ тапсыру кезінде қатты тексеруден қобалжып, төмен балл алып қалады. Сонда ұстаздары көптің көзінше оны сөзбен тілдеп, «сенгеніміз сен болсаң» деген ауыр сөз айтқан. Әлгі қыз бұл соққыдан бірден күйзеліп, үйіне келіп, сірке суын ішіп өлмек болады. Қоштасу хатын жазып, әлеуметтік желіні ашып қалғанда сол кезде білгендей салған менің сөзімді оқып қалады. Сол сөз оған бірден әсер етіп, бастапқы райынан қайтады. Сөйтіп маған хат жолдады. «Әкім аға, менің түңіліп жүргенім болмашы ғана қиындық екен, мен енді мықты болам, ашуға берілуге болмайды дегеніңіз дұрыс. Қайта қателіктен сабақ алуым керек» депті. Сөйтіп үйден сыртқа шықса, бақшада анасы мұның жаман ойынан бейхабар үйдің шаруасымен күйбеңдеп жүр дейді. Дереу қызынан тест нәтижесін сұрапты. Сонда қызы «Өмірде ҰБТ-да алатын балдан да артық нәрсе бар. Мені іздейтін анам, жақындарым бәрінен қымбат екен. Ең бастысы, өмірді сүю керек!» деп бірден есін жиған. Айтсақ, мұндай оқиғалар өте көп, бірнеше мысалдар келтіруге болады. Оншақты адамның өздері мойындағанындай осынау «алтыным» сөздері қиналған кезінде жоғарыдағыдай жаман ойынан арылуға септігі тиіпті.

– Ендеше «Алтынымдағы» ең бір үздік үзіктерден бізге де тәбәрік етіп айтсаңыз...

– Алтыным! Менің күнделікті жазбаларым үнемі тұрақты оқитын, оған терең мән беретін оқырмандарын тапты. Сенің қаратпа сөзіңді көздің қарашығындай сақтап, өз әлеміне қабылдап, күнделікті өмірінде қолданып жүргендерге қалай риза болмайсың. Ендеше елордамыздың басты басылымы «Астана ақшамы» газеті арқылы да осы ойларымды жеткізейін:

• Алтыным! Өмірдің сынын қабылдай біл. Қайғыны бастан өткермеу мүмкін емес. Бақыт пен нағыз өмірдің шын қадірін сонда сезінесің.

• Алтыным! Әрине, мүмкіндік болса, шаршамауға, өзгеге ренжімеуге тырыс. Ол адамды дертті етеді. Қайда жүрсең де шабыт пен шаттығыңды жоғалтпа!

• Алтыным! Бос өткен күндер – ең бір аянышты сәттер.

• Алтыным! Жаныңа жақын адамды іздемеу қылмыспен тең емес пе?! Іздемеу – адамды мазалау емес, жазалау ғой.

• Алтыным! Дәл осы дәрежеңдегі биігіңде қалу – осалдығыңның белгісі. Өзіңді жетілдіріп, толықтырып тұрмасаң – ұтыласың.

• Шаттығың тасып тұрғанда төмпешік те тау боп көрінеді. Көңіліңнің пәсейгенде тау да төмпешіктей болатыны сөзсіз.

• Алтыным! Жымия түс, шаттана түс, өзгеге кінә артпай, айналаңа жақсылықпен қара. Біле білсең, өмір қандай тамаша!

Сұхбаттасқан
Райхан РАХМЕТОВА

ҮЗДІК СТУДЕНТТЕР ҰЛЫҚТАЛДЫ

Астанада «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер» жобасы аясында «ТӘУЕЛСІЗДІК – АЛТЫН ТҰҒЫРЫМЫЗ» атты республикалық конференция өтті.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған іс-шараны «Bilim-orkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы Нұр-Сұлтан қаласының «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің қолдауымен ұйымдастырды.

Конференция барысында Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен «Bilim-orkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырған «Жылдың үздік түлегі-2021» және «Қазақстанның 100 үздік студенті» республикалық конкурстарының жеңімпаздары марапатталды.

«Жылдың үздік түлегі-2021» республикалық байқауының талаптары бойынша үздік деп танылған 80 студент марапатталды. Оған қатысуға республиканың жоғары оқу орындарының 320 түлегі өтінім берді. Сондай-ақ 2 300 адамның ішінен іріктеуден өткен «Қазақстанның 100 үздік студенті» байқауының 100 жеңімпаз студенті марапатталды.

Конференцияға отандық ғалымдар, ЖОО оқытушылары, докторанттар мен магистранттар, студенттер және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

СОҒЫСТЫҢ ЗАРДАБЫ МЕН САБАҒЫ

Кеңес Одағының одақтастарымен бірге фашистік Германияны жеңгеніне – 76 жыл, ал Ұлы Отан соғысы басталғанына 80 жыл толып отыр.

Алып Одақтағы әр ұлт өкілінің өз болашағы мен ұрпақ ертеңіне деген өшпес сенімі және өршіл ерік-жігері жоғары болды. Халық ерен ерлік көрсетті. Ол ерлік – кеңестік тарихнамада әсіреленгендей, кеңес жауынгерінің ерен ерлікпен соғысып, пулемет, ДОТ, ДЗОТ ұңғыларын өз кеуделерімен жабуы, танктің астына жарылғыш минамен барып жатуы немесе өз ұшағымен жау ұшағын соғуы және т.б. ғана емес, жауынгердің нағыз соғыстың ішінде болуы, бораған оқ пен лаулаған от арасында жүруі, жарылған бомба мен ысқырған мина астында жүріп тынымсыз еңбек етуі, алға қарай толассыз жылжуы еді. Бұл соғыстың тауқыметін тартпаған, санасында сыз қалмаған қазақ отбасы некен-саяқ, тіпті жоқ десе де болады. Тылдағы еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін бірі қайғыдан қан жұтып, бірі сағыныштан сарыуайым болып жүріп еңбек етті. Шамамен, соғысқа кеткен алты қазақтың бесеуі опат болды. Осындай жағдайды басынан кешірген халық соғыстың бітуін – Жеңіс күнін, әрине, асыға да аңсай күтті, армандады. Сондықтан, бұл тақырыпқа тарихшы ретінде қалам тарту, академик М.Қозыбаевтан кейін тарихи баға беру өте ауыр. Сананы сарқып, көздің майын тауыспаған тақырыпқа баға беруге біз де ұмтылмаймыз. Біз тек қана өзіміздің жеке пікірімізді білдіруді жөн санадық.

«Егемен Қазақстан» газетінде 2000 жылдың 14 сәуірінде жарық көрген мақаласында академик М.Қозыбаев Жеңістің 55 жылдығына орай осы мәселеге тоқталып, өз пікірін білдірген болатын. Ол өз мақаласында 1) И.Сталин туралы; 2) Ұлы Отан соғысының сипаты туралы; 3) Ұлы Жеңістің қозғаушы күштері туралы және 4) Соғыс шығыны туралы талас мәселелерге тоқтала отырып, оларға қатысты төмендегідей тұжырымдар жасады (академик М.Қозыбаевтың өз сөзімен беріп отырмыз):

1. Сталин бір жағынан, болашаққа көз салар теоретик-ойшыл, екінші жағынан, жоқтан бар жасайтын, замана ағысын, тынысын бақылайтын қайраткер, ал үшінші жағынан қолынан қан тамған тиран, деспот. ...Бүкіл Еуропа экономикасына сүйенген Гитлерді тоқтатарлық, сағын сындырып, бағын тайдырарлық алып күш осы жылдары [1928-1941] пайда болды. ...[Сталиннің кезінде] әлеуметтік қорғаныс шаралары кеңінен жүргізілді.Ендеше, фашизм елге бас салған кезде совет халқы Отанын қорғады, социализмнің болашағын фашизм қаупінен арашалады.

Біздің пікір: «әлеуметтік қорғаныс шаралары» деген сөз тіркесін «дүниежүзілік төңкеріс» принципін жүзеге асыру жолындағы жанталаса қарулану шаралары» деген сөз тіркесіне ауыстыру қажет. Сондай-ақ «социализмнің болашағын фашизм қаупінен арашалады» деген тұжырым қайта қарауды қажет етеді. Олар қандай жүйеде өмір сүрсе де, сол жүйеге риза болсын, болмаса да Отан қорғау үрдісінен ажырамаған еді. Халыққа социализм болашағынан гөрі өз болашағы қымбатырақ еді.

2. Сөз жоқ, Ресей, одан қалды Кеңес елі біздің Отанымыз болды. Біз осы елдің құрамды бөлігі болып келдік. Ол елдің біз сияқты бұратана халықтарға өгей анадай болған кездері де жоқ емес. Бізді халық ретінде еркелетпегені де рас. Бірақ, біз осы рухты елдің қол астында ғасырлар бойы болғанымыз шындық. ...Ұлы Отан соғысында 35 миллион халық қолына қару алып соғысқа қатысты. ...Ендеше, мұндай соғыстың отандық сипатына неге шек қоямыз, бұл төгілген халық қанына, көз жасына деген шексіз зорлық болса керек.

Біздің пікір: Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан КСРО-ның соғысы екі жақты сипатқа ие. Бұл соғыс халық тарапынан Отан қорғау соғысы болғанымен, билік тарапынан ішінара басқыншылық та сипат алды. Бұл соғысты «Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы» деп атау – тарихқа қиянат. «Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы кеңес халқының Отан соғысы» деп атасақ, тарихи шындыққа жақынырақ болар еді.

3. Шын мәнінде, И.Сталин айтқандай, Кеңес елінде соғыс алдында моральдық-саяси бірлік жоқ еді... Ендеше, Ұлы Отан соғысында совет халқының жеңіп шығуына нендей факторлар ықпал жасады? Ең алдымен байтақ ел халықтары тарихи тағдырлас еді. Олардың Отаны – туған жері, атамекені бір еді. Қан майданға аттанғандар мен тыл қаһармандары бір игі мақсат үшін күресті. Көпұлтты халықтарды Қазан революциясының идеялары біріктірді. Демократия, азаттық, бостандық ұрандары, кеңес елінің әлеуметтік саясаты, фашизм қаупі, отан бостандығы, тәуелсіздігі, айналып келгенде «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұран төңірегіне топтастырды. Тағдыры – бір, тарихы – бір, болашақ үміті бір халықтар фашизммен күреске бел байлады. Халық патриотизмі өте жоғары болды. Ол патриотизмнің советтік патриотизмнен аясы кең еді. (Астын сызған біз – С.Ш.) Ол елге, жерге деген ықыласпен қатар, ата-баба салтына, өз халқына, оның жауынгерлік даңқына деген сүйіспеншілікті де өз бойына сіңірді...

Біздің пікір: Академик М.Қозыбаев объективті тұжырым жасаған. И.Сталин кеңестік патриотизмнен әлдеқайда жоғары тұратын ұлттық патриотизмге соғыс жылдары қанат бітіріп, оны орынды пайдалана білді.

4. ...Бейбіт адамдарды қоса есептегенде совет елінің шығыны 27 млн-ға жетті, ал дұшпан болса совет-герман майданында 6923700 солдаты мен офицерінен айырылды. ...Қазақстанның қан майданнан оралмағандар саны қазіргі дерек бойынша 601 мың адам (онда бір қала, 7 ауданның көрсеткіші жоқ). Бұл – Қазақстан халқының 11,2 проценті... 1940 жылғы өсіммен есептегенде, соғыс жылдары 592 мың бала кем туды. Сонда Қазақстанның тура және жанама шығыны (еңбек майданынан оралмағандарды есептемегенде) 1.202.000 адам. Бұл – бүкіл Одақ бойынша соғыс жүрген аудандардан кейінгі көрсеткіш.

Біздің пікір: Соғысқа қатысқан, қаза тапқан, еңбек майданына барған қазақтардың санын алдағы уақытта анықтау отандық тарих ғылымының міндеті болуы қажет.

Соңғы жылдары ресейлік тарихи әдебиеттерде 1941-1945 жылдардағы соғысқа тек орыстық немесе ресейлік сипат беру құбылысы байқалуда. Мысалы, А.Солженицин «Жеңіс» деген ұғымды қайта қарау қажет деп есептейді. Тіпті, біздің кейбір түркістандық бауырларымыз осы соғыста фашистердің жеңіп, КСРО-ның жеңілгені дұрыс болар еді деген пікірді білдірген еді. Ал шет елдердегі қазақ диаспорасының көрнекті өкілі, түбі шығыстүркістандық Хасан Оралтай «Жеңіс күні ме? Аза күні ме?» деген мақаласында (Жас Түркістан, 2001. №1.) «Жеңіс күні», «Ұлы Отан соғысы» деген атауларға қатысты өз пікірін былай білдіреді: «Алыс шетелдерде өмір сүріп жатқан қазақ бауырларыңызға ерсі көрінетін оғаш істердің бірі – жыл сайын екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталған күнін «Жеңіс күні» деп сипаттап, оны бейне бір қазақтың ұлттық мерекесі ретінде атап өтетіндігі. Басқалар Екінші дүниежүзілік соғыс десе, қазақтар «Ұлы Отан соғысы» деп атайды. Ол одан ары қарай, екінші дүниежүзілік соғысқа Мәскеу әкімшілігі жарты миллион қазақты айдап апарып салғаны сияқты, Англия мен Францияның да өз отарларынан әскер алып соғысқа салғанын, әсіресе, ағылшындардың Цейлон (Шри-Ланка), Бирма, Непал елдерінен алған әскерлері Жапония мен Германияға қарсы соғыста белсенділігімен көзге түскенін; бірақ ол елдердің ешбірінің екінші дүниежүзілік соғысты «Ұлы Отан соғысы» деп дәріптемейтінін, олар Англия сияқты соғыста жеңген елдердің қатарында болса да, ол жеңісті «Жеңіс күні» деп тойламайтынын, оның есесіне жат жұрттық отаршылдар айдап апарып қырғынға ұшыратқан қыршын жастарын еске алатынын айтты. Әрине, бұл – шетелдік қандасымыздың өзіндік пікірі.

Біздің пікір: Ағылшынның немесе француздың отарларымен Қазақстанды салыстыруға болмайды. Академик М.Қозыбаевтың «Сөз жоқ, Ресей, одан қалды Кеңес елі біздің Отанымыз болды» деген тұжырымы өте дұрыс. Сонымен қатар, «Жеңіс күні» деген атау да дұрыс. Бұл жеңісті әр мемлекет, әр халық және әркім әртүрлі қабылдады және тойлады. Өркениетті, демократиялық үрдістері қалыптасқан елдер халықтар мен ұлттардың бостандығына қауіп төндірген фашизмді жеңдік деп, отарлы елдер Англия мен Франция отарларымызды сақтап қалдық деп, ал АҚШ капиталистік елдер арасында әлемдік біріншілікті жеңіп алдым деп тойлады. Сталин болса, «дүниежүзілік төңкеріс» идеясын біршама болса да жүзеге асырдым, өз бақталасым Гитлерді опат қылдым, Шығыс Еуропаны басып алдым деп тойлады. Ал соғыстың бар ауыртпалығы мен қайғы-қасіретін, азабы мен азалы күндерін көтерген, үзілмеген үмітке жалғанып жанын баққан казармалық социализм тұрғындары жан шыдамас зорлық пен қорлықтың толастайтынына қуанды, барлық қиыншылықты жеңіп шығып, сәл де болса өмірінің жақсаратынын тойлады. Ерін сағынған келіншек пен жарын сағынған жігіттің, ана мен баланың, бала мен әкенің сарытап сағынышты үмітке жеңдіре білген күндерінің де аяқталатынына қуанды. Жеңіс күніне халықтың езілмеген ерік-жігері мен ертеңге деген сенімі, әр ұлттың сарқылмас рухани қазынасы арқау болды. Сондықтан да, бұл – қалай болғанда да «Жеңіс күні».

Біздің пайымдауымызша, «Ұлы Отан» соғысы тарихына қатысты төмендегідей аңыздар әлі күнге дейін өмір сүріп келеді:

Бірінші аңыз – КСРО-ның өз шекараларының қауіпсіздігін нығайту жөніндегі шаралары туралы.

Ақиқаты: 1933 жылдың 3-5 шілдесінде қабылданып, КСРО, Эстония, Латвия, Польша, Румыния, Түркия, Иран, Ауғанстан, Чехословакия, Югославия, Литва елдері қол қойып, кейіннен Финляндия қосылған «Басқыншылықты анықтау туралы ол конвенцияға КСРО-ның 1933 жылдың 6 ақпанында қарусыздану жайлы конференцияның бас комиссиясына тапсырған басқыншылықты анықтау туралы декларациясы негіз болғанын ескерсек, КСРО-ның 1939-1940 жылдардағы Балтық жағалауы елдеріне, Польшаға, Бессарабияға, Финляндияға қатысты әрекеттері басқыншылық болып шығады. Сондықтан, басқыншы мемлекеттің соғысы ешқашан «Ұлы Отан соғысы», тіпті «Отан соғысы» да бола алмайды. Кеңес Одағының басқыншылық саясатына тек қана мемлекеттік билік кінәлі еді, ал халық тарапынан Отан қорғау соғысы болғаны шындық. КСРО-ның соғысы екі жақты сипатқа ие болғандықтан, «Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы кеңес халқының Отан соғысы» деп атасақ, тарихи шындыққа жақынырақ болар еді деген пікірімізді тағы бір қайталаймыз.

Екінші аңыз – соғыстың күтпеген жерден басталуы және Кеңес Одағының соғысқа дайын болмағандығынан соғыстың алғашқы кезеңінде қызыл әскердің жеңіліске ұшырауы жөнінде.

Ақиқаты: Соңғы жылдары Ресейдің әскери тарихшылары Кеңес Одағы соғыстың басталарын білмеді деген кеңестік тұжырымды жоққа шығаруда. Журналист Амантай Кәкен Кеңес Одағының басшылары соғыстың басталарын күн ілгері білді деп тұжырымдайды. «Суретші И.Тоидзенің көпшілікке белгілі «Родина – мать зовет!» деген әйгілі плакаты 1941 жылдың қаңтарында дайын болғандығын еске алсақ, – дейді ол, – совет басшылығы соғысқа әзірленбеді, немістің шабуыл жасауын ескермеді дегенге илану жөн бе? 1941 жылғы қырғынның басты себебі стратегиялық қателік болатын – қорғанысқа емес, шабуыл жасауға әзірленгенімізде. Мысалы, Батыс Еуропаның егжей-тегжейлі карталары барлық әскери бөлімдерге күні бұрын жеткізілсе, Ресей жері жөніндегі материал оларға берілмеген. Немесе қызыл армия танкілерінің көбі қиқы-шойқы батпағы мол, өзіміздің өгіз аяңға басып, әзер жылжитын сүрлеуге емес, жүйткіте зымырайтын Еуропаның тас жолдарына арналғанын қалай түсінуге болады? Большевиктер коммунистік идеяны жер шарына таратпақ болды, сол үшін әскери әзірлік қорғануға емес, басқа жерде соғыс ашуға бағытталған еді».

Үшінші аңыз – Кеңес Одағының Еуропаны азат ету миссиясы жөнінде.

Ақиқаты: Еуропаға коммунизм орнату мақсатындағы И.Сталиннің әрекеті «кеңес халқының интернационалдық борышына» негізделді. «Интернационалдық борышын» өтеген қызыл армия Германиядан азат етілген жерлер мен елдерде коменданттық сағат тәртібін енгізіп, коммунизм идеясына қарсы болғандарды фашизмнің тыңшылары ретінде жазалап отырды. Осылайша, Шығыс Еуропа елдеріндегі өте әлсіз әрі халық арасында беделі болмаған коммунистер билік басына отырғызылып, «дүниежүзілік социализм жүйесі» құрылды. Кеңес Одағы «социалистік жүйе» елдеріне үнемі көмектесіп, олардың ішкі және сыртқы саясатын бақылауға алды. Кеңес Одағының мұндай «көмегі» өткен ғасырдың 90-шы жылдарына дейін созылғаны белгілі. Осындай саясат «қырғи-қабақ соғысқа» тарихи алғышарттар қалыптастырып берді.

Қорыта айтқанда, екінші дүниежүзілік соғысты бастаған фашистік Германияны талқандауда КСРО зор рөл атқарды. Соғыстың бар ауыртпалығын кеңес халқы көтерді. Кеңестік биліктің соғыс алдындағы империялық амбициялары екінші дүниежүзілік соғысты жеңіспен аяқтау барысында шырқау шегіне жетіп, әлем мемлекеттерін «социалистік жүйеге» қоса отырып билеуге ашық ұмтылды. Францияның бағына генерал Шарль де Голль туылған екен, есін тез жиды. Бірақ, Еуропадағы саяси жетекшілік ұысынан сусып кетті. Англия әлемдегі саяси біріншілікті бір кездегі өз отары АҚШ-қа мұра етті. АҚШ болса асып-тасып, «мұрын сыймайтын жерлерге басын сұға» бастады. Ұлттар Лигасының орнына құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымы халықаралық қатынастардағы шиеленістерді реттеуде зор рөл атқарғанымен, күштінің әлсізге әлімжеттігін тия алмады.

Сәбит ШІЛДЕБАЙ,
тарих ғылымдарының кандидаты

БЕРЛИНДЕГІ ПАРАДҚА ҚАТЫСҚАН ҚАЗАҚ

Соғысқа аттанған әр азаматтың кетерінде ата-ана, туыстарына: «Фашист басқыншыларын тырқырата қуып, өз көріне апарып тығамыз» деп серт еткенін талай қарияның аузынан естіген едім. Жәненов Мәсәлім – сол сертті орындап, барша қазақ бауырлары атынан фашизмді жеңген Одақтас әскерлердің Берлиндегі Жеңіс парадына қатысқан батыр. Ол – 1945 жылғы 7 қыркүйекте таңдаулы әскерилер қатарында тізе бүккен Германияның символы – Бранденбург қақпасының алдынан асқақ баса өткен қазақ.

Біз – жауынгер әкелердің ұрпағымыз. Біздер, соғыс көрген әкелердің балалары, олардың қас-қабағына қарап, пір тұтып өстік. Өз өмірімізде солар сияқты алғы шепте жүруге тырыстық. Ешкімнің сүйреуінсіз оқу бітіріп, қызметте сатылап өстік.

Тәрбиеміз ұқсас болғандықтан ба, біз жауынгер әкелердің ұл-қызы бір-бірімізді жазбай танып, жақын тартатынымызды байқадым. Ел астанасы Ақмолаға көшкенде Жәненова Ғалия Мәсәлімқызы екеуміз солай таныстық. Таныстығымыз достыққа ұласты. Ол кезде Мәдениет министрлігі жоқ, Ғалия - Мәдениет комитетінің өкілі еді.

Оның әкесі Жәненов Мәсәлім 1907 жылы 15 мамырда Батыс Қазақстан облысы Чапаев ауданында туған. Өздігінен ізденіп, арабша жазуды үйренген, орысша, қазақша таза сөйлеп, сауатты жазған. 1934 жылы партиялық курстан өткеннен кейін «Жаңаталап» ұжымшары мен «Шалқар» балық зауытының партия ұйымын басқарған, 1938 жылы аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөліміне қызметке алады.

1941 жылдың қаңтар-сәуір айларында Ош қаласында Орта Азия әскери округінің әскери бөлімдерінің саяси басшыларын даярлайтын курста оқиды. Ел іргесіне жау тигенін естігенде әскери комиссариатқа барған алғашқы лектің ішінде болғанымен, оған елдегі ұйымдастыру шараларын жүргізу тапсырылады. Сұранып жүріп, майданға 1941 жылдың тамыз айында аттанады.

Мәсәлім әкеміз әскери қызметін Бірінші Белорус майданы 125-атқыштар полкінің 36-бригадасында рота командирінің саяси жұмыс жөніндегі орынбасары болып бастап, 1944 жылдың сәуір айына дейін соғысады. Қараша айында оның ұрыстардағы тәжірибесі мен білімділігін ескеріп, командование ортаазиялық жас жауынгерлерді әскери өнерге даярлау үшін Ленинабад қаласына (Тәжікстан) жібереді.

Албырт жастарды әрі саяси-патриоттық тұрғыдан тәрбиелеп, әрі ұрыс әдістеріне үйрете жүріп, ол қайта-қайта майданға сұранады. Ақыры, рапорты қабылданып, маршал Г.Жуков басқарған Бірінші Белорус майданы 82-атқыштар дивизиясы құрамында соғысқа қайта кіріседі. 210-полкта батальон командирінің саяси істер жөніндегі орынбасары М.Жәненов Польша астанасы Варшаваны азат етуге, Берлинді алуға қатысады. Шабуыл кезіндегі өжеттігі мен ерлігі үшін кеудесіне «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Жеңіс үшін» медальдарын тағады.

Польша жеріндегі Висла өзенінен өтердегі қырғын соғыста дұшпанның екі танкінің көзін жойғаны үшін лейтенант Мәсәлім Жәненов екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденіне ие болып, ал Одер өзені маңындағы шайқастан кейін аға лейтенант шеніндегі саяси командир бірінші дәрежелі «Отан соғысы» орденін алады. Соғыс жылдары екі рет жараланып, контузияға да ұшырайды.

Мәсәлім Жәненұлының майдангерлік жолы Шпандау қаласында нацист қылмыскерлерді күзететін кеңестік әскерилер құрамында жалғасады. Шпандау түрмесіне қамалған әскери қылмыскерлердің ісі кейіннен Нюрнберг процесінде қаралып, тиісті жазаларын алды.

Жауынгер елге 1946 жылы ақпан айында елге оралады.

Елдегі шаруашылық әйелдер мен жас балалардың мойнында қалып, халық әбден күйзелген жылдар еді ол. Әскерден келген білімді де тәжірибелі Мәсәлім Жәненұлына Батыс Қазақстан облысы Чапаев ауданының «Талпын» колхозын басқару жүктеледі. Осы ұжымдық шаруашылық ісін жолға қойып, жақсы көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін ол 1958 жылы СССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің күміс медалімен марапатталады. Одан кейінгі жылдары «Сүттіген» МТС-ын, «Еңбек» астық совхозының бөлімшелерін басқарды.

Қосағы Ұлыш апамыз екеуі 50 жыл отасып, 9 бала өсірген. Көз көргендердің айтуынша, Мәсәлім әкей майдандағы өз жеңістерін емес, балаларының жетістіктерін мақтан етеді екен. Ағайынды Жәненовтер – аса бауырмал, ұйымшыл жандар. Олардың барлығы да жақсы білім алып, қызмет орындарында беделді маман, өмірде сыйлы адам болғандарын мен де білемін. Солардың бірі – Мәдениет комитетінің кішкентай маманынан ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің департамент директоры болып өсіп, талай жасқа жол сілтеп, қамқорлық көрсетіп, әріптестерінің зор құрметіне бөленген Ғалия Мәсәлімқызы Жәненова. Жауынгердің қызы. Менің досым.

Камал ӘЛПЕЙІСОВА,
жазушы

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №71 (4195) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2021 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Кезек нөмірі	Тегі	Аты	Әкесінің аты	Кезекке қойылған күні	Санат
7147	ТУЛЬТЕБАЕВ	НУРЛАН	АБДРАЗАХОВИЧ	18.04.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
7148	АЖЕНОВА	МАРИЯ	САРУБАЕВНА	19.04.2014	Толық емес отбасылар
7149	САДУЕВА	АЙГУЛЬ	РИЗАБЕКОВНА	19.04.2014	Толық емес отбасылар
7150	ЖАБАГИНОВА	МУСЛИМА	БАЛТАБАЕВНА	21.04.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
7151	КАСЫМОВ	БОТАН	ЗАТЕНОВИЧ	21.04.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
7152	БРЯНСКАЯ	ЕЛЕНА	ВЛАДИМИРОВНА	21.04.2014	Толық емес отбасылар
7153	КАКИМ	ХАБЫЛ		21.04.2014	Толық емес отбасылар
7154	ИСКАКОВА	АРАЙ	КОШИМБЕКОВНА	21.04.2014	Толық емес отбасылар
7155	АЛЬДИМЕНОВА	ЗАРИНА	ЖАНАРБЕКОВНА	21.04.2014	Толық емес отбасылар
7156	ИСМАИЛОВА	ШЫНАР	АЛИХАНОВНА	21.04.2014	Толық емес отбасылар
7157	АКБАРОВА	РАЙХАН	ГАЛИМОВНА	21.04.2014	Толық емес отбасылар
7158	ЗИННЕР	ЛЮБОВЬ	АЛЕКСЕЕВНА	21.04.2014	Толық емес отбасылар
7159	ЮСУПОВА	ЭЛЬМИРА	ДЖИБРЕЛОВНА	21.04.2014	Толық емес отбасылар
7160	ТЕМИРБАЕВА	АЛИНА	МЕНДЫБАЕВНА	21.04.2014	Толық емес отбасылар
7161	СЛЯМОВА	АЙГУЛЬ	БУРКУТОВНА	21.04.2014	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
7162	ТЛЕУБАЕВА	АЛЕМГУЛЬ	САРСЕНБАЕВНА	22.04.2014	Толық емес отбасылар
7163	АБЫЗБАЕВ	КАСЫМ	МИРМАНОВИЧ	22.04.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
7164	АБРАМЕНКО	ВЛАДИМИР	АЛЕКСЕЕВИЧ	22.04.2014	Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер
7165	ЛОКАПОВА	ДИНАРА	ЖАНАТОВНА	22.04.2014	Толық емес отбасылар
7166	СЕРИМБЕТОВА	АКДИНАШ	БАХЫТОВНА	22.04.2014	Толық емес отбасылар
7167	АХМЕТОВА	АЛИЯ	ЕРЖАНОВНА	22.04.2014	Толық емес отбасылар
7168	МЕРЖУЕВА	АЙНА	ЗЯУДИНОВНА	22.04.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
7169	АРТЕМОВ	МАКСИМ	АЛЕКСАНДРОВИЧ	23.04.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
7170	БОЛАТ	ГҮЛШАША		23.04.2014	Толық емес отбасылар
7171	КОНОПЬЯНОВА	ГУЛЬЗИЯ	МАЛГАЖДАРОВНА	23.04.2014	Толық емес отбасылар
7172	МАЛИКИ	ФАНИЯ	БАБАЕВНА	23.04.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
7173	АЛИБЕКОВА	НУРСУЛУ	АЙТЖАНОВНА	23.04.2014	Толық емес отбасылар
7174	КАЖЕНОВ	ЕРЛАН	МУХАНБЕТОВИЧ	23.04.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
7175	ТОХАЙ	МУРАТБЕК		23.04.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
7176	АЛИМОВА	АЛИЯ	ЗЕКЕНОВНА	23.04.2014	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
7177	УТЕБАЕВА	САМАЛ	КАИРБАЕВНА	23.04.2014	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
7178	САФАРБЕКОВА	ЖАНАКУЛ	ТУЛАГАНОВНА	23.04.2014	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
7179	ХАЛЫКОВА	МЕЙРАМКУЛ	ОНГОРОВНА	23.04.2014	Толық емес отбасылар
7180	КАЛИЕВ	МУРАТ	КУЛЬМАГАМБЕТОВИЧ	23.04.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
7181	ИБРАГИМОВА	АЙГУЛЬ	БЕРДИБЕКОВНА	24.04.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
7182	КИСАКОВ	СМАГУЛ	ЖАКУПОВИЧ	24.04.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
7183	БАКЕНОВА	КУЛШЕК	ШИДЕРБАЕВНА	24.04.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
7184	МАНАБАЕВ	НУРДИЛДА	АНУАРОВИЧ	24.04.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
7185	КЕРЕЙБАЙҰЛЫ	ҚАДЫР		24.04.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
7186	КОППАЕВА	АСЕМГУЛЬ	ЖУЯМЕРГЕНОВНА	24.04.2014	Толық емес отбасылар
7187	НАКЕНОВА	САМАЛ	КАРЫПЖАНОВНА	24.04.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
7188	СЕЙДАЛИНОВА	ДИНАРА	КАЙРОЛЛИЕВНА	24.04.2014	Толық емес отбасылар
7189	АЛИМКУЛОВА	САЛИМА	СУЛТАНМУРАТОВНА	24.04.2014	Толық емес отбасылар
7190	ТАЛКАНБАЕВА	ЖУМАГУЛЬ	КУРМАНБЕКҚЫЗЫ	25.04.2014	Толық емес отбасылар
7191	ИСКАКОВА	ДИНАРА	ЖУМАТАЕВНА	25.04.2014	Толық емес отбасылар
7192	ПУГОЕВ	МИХАИЛ	МАГОМЕТОВИЧ	25.04.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
7193	КУРЕГЕНОВА	ЗАМЗАГУЛЬ	ЖУМАБАЕВНА	26.04.2014	Толық емес отбасылар
7194	АМАНЖУЛОВА	БАГДАГУЛЬ	АЙТБАЕВНА	26.04.2014	Толық емес отбасылар
7195	КРУПОДЕР	НИНА	НИКОЛАЕВНА	28.04.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
7196	МУРЗАБЕКОВ	ЖАНАТАЛАП	КАБДЕШОВИЧ	28.04.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
7197	ТАРАНЕНКО	ОЛЬГА	НИКОЛАЕВНА	28.04.2014	Толық емес отбасылар
7198	ВЕРВЕЙН	АННА	СЕРГЕЕВНА	28.04.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
7199	САМАЛБАЕВ	ТОКТАРГАЗЫ	ИСАБЕКОВИЧ	28.04.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
7200	АЮПОВА	АНАР		28.04.2014	Толық емес отбасылар
7201	БЕГДАИРОВА	АСЕЛЬ	ОРАЗАКЫНОВНА	28.04.2014	Толық емес отбасылар
7202	ЖУКЕНОВА	ЭЛЬМИРА	ЖОЛАУШЫНОВНА	28.04.2014	Толық емес отбасылар
7203	ОСПАНОВА	АРАЙЛЫМ	ДАУЛЕТБЕКОВНА	28.04.2014	Толық емес отбасылар
7204	САМЕНОВА	РОЗА	КУЛУШПАЕВНА	28.04.2014	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
7205	МУХАМЕДЖАНОВА	ЗАМЗАГУЛЬ	СЕИТОВНА	28.04.2014	Толық емес отбасылар
7206	РАХМЕТКУЛОВ	ШЕРЗАД	АЛДАБЕРГЕНОВИЧ	28.04.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
7207	ТУЛЕУБАЕВА	ЭЛЬМИРА	КАЙРБЕКОВНА	28.04.2014	Толық емес отбасылар
7208	НЫСАМБАЕВА	АРУНА	МАРАЛОВНА	28.04.2014	Толық емес отбасылар
7209	ТАЙБОЛАТОВ	КАЗБЕК	КАЛДЫБАЕВИЧ	28.04.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
7210	ЖАКЕНОВА	АЛМАГУЛЬ	БАЛТАБАЕВНА	28.04.2014	Толық емес отбасылар
7211	САТУБАЛДИНА	КУЛЯШ	ЕСМУХАНОВНА	28.04.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
7212	АХМЕТОВА	ГУЛЬМИРА	НАЗЫМБЕКОВНА	29.04.2014	Толық емес отбасылар
7213	КЕНШІМ	ДАУРЕН	КҮМІСБЕКҰЛЫ	29.04.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
7214	МАМБЕТОВА	САУЛЕ	САГУМБАЕВНА	29.04.2014	Толық емес отбасылар
7215	АЯГАНОВА	АЛИЯ	ТУРЛЫБАЕВНА	29.04.2014	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
7216	ТУЛЕКОВА	КАЛАМКАС	ЕЛУБАЕВНА	29.04.2014	Толық емес отбасылар
7217	АЛДАБЕРГЕНОВА	АЛИЯ	БЕКБОЛАТОВНА	29.04.2014	Толық емес отбасылар
7218	ЖАКУПОВА	САЛТАНАТ	АМАНКУЛОВНА	29.04.2014	Толық емес отбасылар
7219	ЖАКСЫБЕРГЕНОВА	КЕНЖЕГУЛЬ	ХАМЗАКЫЗЫ	29.04.2014	Толық емес отбасылар
7220	БИГАРИНА	АЙГУЛЬ	ТЕМИРХАНОВНА	29.04.2014	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
7221	БУЛАНОВА	НАТАЛИЯ	ДАЛИЛЬБЕКОВНА	30.04.2014	Толық емес отбасылар
7222	ЖУМАКУЛОВА	МАДИНА	КАДЫРАЛЫЕВНА	30.04.2014	Толық емес отбасылар
7223	ЕСПАЕВА	КУЛЬШАТ	САПАРБЕКОВНА	30.04.2014	Толық емес отбасылар
7224	АБДУЛЛИНА	АЛЬБИНА	БИЛЯЛЕВНА	04.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
7225	ТОПАШЕВ	АЛМАС	МАРАТОВИЧ	04.05.2014	Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер
7226	ИСАБАЕВА	АЙГУЛЬ	САГЫНДЫКОВНА	04.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
7227	БАТЫРБЕКОВ	ТУЛЕГЕН	МУРЗАХМЕТОВИЧ	04.05.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
7228	АЖИБЕКОВА	АРАЙЛЫМ		04.05.2014	Толық емес отбасылар
7229	ЕРТИСХАН	САРАЙ		05.05.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
7230	ОЛЕЙНИК	ИННА	ВИКТОРОВНА	05.05.2014	Толық емес отбасылар
7231	АТАГОЖИНА	НАЗИРА	ДАУЛЕТБЕКОВНА	05.05.2014	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
7232	ШИДЕНОВА	САПИ		05.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
7233	САГИТОВА	АЯГОЗ	САКЕНОВНА	05.05.2014	Толық емес отбасылар
7234	ЖИЕНМУРЗИН	БИГЕЛЬДЫ	САПАРОВИЧ	05.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
7235	ДҮЙСЕНБАЙ	ГУЛНАЗ		05.05.2014	Толық емес отбасылар
7236	МОЛБОСЫНОВА	ЭЛЬМИРА	ТОКСАНБАЕВНА	05.05.2014	Толық емес отбасылар
7237	АЛТЫНБЕКОВА	ГУЛСИМА	РАУШАНБЕКОВНА	06.05.2014	Толық емес отбасылар
7238	СМАИЛОВА	АЙГАНЫМ	КУРМАНГАЛИЕВНА	06.05.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
7239	СИВЦОВА	АЙЖАН	ХАНЖИГИТОВНА	06.05.2014	Толық емес отбасылар
7240	МОЛДАСПАНОВА	САНИЯ	СЕЙЛКАНОВНА	11.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
7241	ИСМАГУЛОВА	БАТИМА	БАХЫТЖАНОВНА	11.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
7242	ЖАКИПОВА	МИРА	НАСРУЛЛАЕВНА	11.05.2014	Толық емес отбасылар
7243	АЛЬЖАНОВА	ЗАМЗАМГУЛЬ	БАУЫРЖАНОВНА	11.05.2014	Толық емес отбасылар
7244	ОРАЗАЛИЕВА	ТАШКУЛ		12.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
7245	БАЙТУГАНОВ	АЛИШЕР	КАЗБЕКОВИЧ	12.05.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
7246	ЖАППАРОВА	ЗАМЗАГУЛ	АЙБАТОВНА	12.05.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
7247	КАРСЫБАЕВА	КОШАЙ		12.05.2014	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
7248	БИЛЯЛОВ	РУСТАМ	САПАРОВИЧ	12.05.2014	1 және 2 топтағы мүгедектер
7249	ТУСИПБЕКОВА	АЛМИРА	АЛИБЕКОВНА	12.05.2014	Толық емес отбасылар
7250	КАЖГАЛИЕВА	ДАРИЯ	ТОРЕХАНОВНА	12.05.2014	Толық емес отбасылар
7251	КОЙШИБАЕВА	МАХАББАТ	НУРХАНОВНА	12.05.2014	Толық емес отбасылар
7252	БЕККАЖИНОВ	ТУРЕГЕЛЬДЫ	ДАУЛЕТБЕКОВИЧ	12.05.2014	Толық емес отбасылар
7253	АБДРАХМАНОВА	БИБИГУЛЬ	БОРАНБАЕВНА	12.05.2014	Толық емес отбасылар
7254	ВАСЕНЁВА	МАРЬЯНА	НУРМУХАМЕТОВНА	13.05.2014	Толық емес отбасылар
